



# ЖАҢА ТЕАТР ЖАҢАША БОЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен Президент саябағының аумағында жаңа драма театрдың іргетасы қаланып, қапсуласын салу рәсімі өтті.

Қазақтың ұлттық кәсіби театрының шымалдығы түрілген Қызылордада бір ғасырдан соң жаңа театр ғимараттың іргетасы қалануының өзіндік мәні бар.

Қызылорда – қазақ театр өнерінің негізі қаланған жер. Бір ғасыр бұрын жаңадан құрылған ұлттық театрдың алғашқы қойылымы осында сахналанған. Сыр жұртшылығы халқымыздың асыл мұраттарын, құндылықтарын сахна арқылы ұрпақ санасына сіңіріп келген ұлт театрының Қызылордадан бастау алғанын мақтанш тұтады.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында «Жалпы «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыр аулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған» деп атап өтіп, Қызылордадағы жаңа драма театр құрылысы биыл басталатынына тоқталған болатын.

## ЖАҢА ДРАМА ТЕАТРДЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУ РӘСІМІ



Театр ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, руханиятты байытуға зор үлес қосып келеді. Жетпіс жылдан астам тарихы бар, қазақ театр өркениетінің қарашаңырағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры – Сыр өңірінің мәдени өмірінің ажырамас бөлігі. Бүгінде репертуарында 60-тан астам қойылым бар. Шығармашылық ұжым жыл сайын 70 мыңнан астам көрерменге рухани азық сыйлайды.

Президент саябағы аумағында іргетасы қаланатын жаңа театр – төл өнерімізді түлететін, жас буынның шығармашылық әлеуетін шындейтін, ұлттың жаны сөйлейтін киелі мекен болады деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Рәсімде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейін Әмір-Темір, «ВД Строй Инжиниринг» ЖШС-нің бас директоры Азамат Өсімбеков сөз сөйледі.

**Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы драма театр директоры М.НИЯЗОВ:**  
– Бүгін біздің аймақ үшін, театр үшін тарихи күн! Өткен Құрылтайда Қасым-Жомарт Кемелұлының елімізде бірнеше облыста жаңа театр ғимараты бой көтеретінін айтып, тапсырма берді. Сыр елінің жаңарып, жасарып жатқан жерінен, дарияның жағасынан бой көтеретін әсем ғимараттың, театрдың іргетасы қаланды. Нұрлыбек Машбекұлы – істің адамы. Елге берген уәдесін уақытында сапалы орындап, халықтың алғысына бөленіп жүрген тұлға. Театрдың қасынан Қазақстандағы ең үлкен кітапханалардың бірі салынады. Бұйырса алдағы уақытта бұл саябаққа барған аймақ тұрғындары бой сергітіп, ой байыттып қайтатын болады. Біздің ұжымымыз да қуанышында иек жоқ. Рухани орданы құрылысы аман-есен аяқталып, патша көңілді көрерменмен тезірек қауышатын күнге жетейік! Ел аман, жұрт тыныш, сүйіншілі жаңалықтарымыз көп болғай!

2022 жылдан бері өңірде 22 мәдениет нысаны жаңадан салынып, ел игілігіне берілді. Барлық ауданда «Руханият орталықтары» ашылды. Облыстың бас шаһарында «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Оқушылар сарайы» бой көтерді.

Былтыр Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Ассамблеяның 30 жылдығына орай «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынды. Кейінгі жылдары «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жаңақорған, Шмелі аудандарында «Өнер мектебі» мен «Оқушылар үйі» іске қосылды.

Жақында тәулік бойы жұмыс істейтін Президенттік кітапхана құрылысы басталды.

## ЕРЕКШЕ ҚАЗЖЕТТІЛІГІ БАРЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ТА ЕРЕКШЕ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде инклюзивті саясатты іске асыру мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланды.

– «Жаңадан бой көтерген ғимараттарды, саябақтар мен сауда орталықтарын мүгедектері бар адамдардың, қарттардың ыңғайына қарай бейімдеу қажет. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарымызға әуежай, теміржол және автовокзалдарда арнайы орынды көрсететін белгілер қойылып, пандус, лифтінен бейімделген дәретхана толыққанды жұмыс жасауы тиіс.

**Жыл басында Президент тапсырмасына сәйкес, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Қызылорда қаласында еліміз өңірлерінің арасында алғашқылардың бірі болып мүгедектері бар азаматтарға арналған заманауи Инклюзивті спорт орталығы ашылды.**

Инклюзивті спорт түрімен айналысатын азаматтарымызға тұрақты қолдау көрсетіп, олардың халықаралық, республикалық жарыстарға қатысуы, жоғары нәтижеге жетуі үшін барлық қажетті жағдай жасалуы өте маңызды. Егер мүгедектері бар азамат жұмысқа қабілетті болса, жұмыс істегісі келсе, оған міндетті түрде көмектесуіміз керек. Инватәксі қызметі үздіксіз көрсетілуі, мұқтаж азаматтарға қолжетімді болғаны жөн. Осы қызметтің сапалы әрі уақытылы көрсетілуіне тұрақты мониторинг жүргізіп, қажет болса автокөлік санын арттыруға ұсыныс беріңіздер», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мәжілісте төтенше жағдайлардың алдын алуда қатаң шаралар қабылдау, көктемгі дала жұмыстарының кедергісіз жүргізілуін ұйымдастыру тапсырылды.

Макрокөрсеткіштердің тұрақты өсімі қамтамасыз етіліп, әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер құрылысының сапасы зерделеніп тиіс. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы бойындағы қызмет көрсету орталықтарының, жол бойындағы жетханалар мен аялдамалардың санитарлық тазалығы назардан тыс қалмауы керек.

## Сарқылмасын Сыр - Ана!



№16  
(1823)  
23 сәуір  
2023 жыл  
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.QAA.KZ qaa.kz Ақжәшік Ақшамы Газеті

# “ҚАЙСАРДЫ” КІМ ҚАРЖЫЛАНДЫРАДЫ?



Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.ШЕРМАҒАНБЕТ:

– Қаламыздың сол жағалауында «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен бірлескен түрде салынған құны 3,4 млрд. теңгеге «Теннис орталығы», халықаралық талаптарға сай келетін құны 26,5 млрд. теңгені құрайтын 11 мың орындық «Қайсар Арена» стадионы, Қазақстан Халқына қоғамдық қорының демеушілігімен құны 2,9 млрд. теңгені құрайтын ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған «Инклюзивті спорт орталығы» секілді бірегей нысандар спортшыларымыздың игілігіне берілді. Сондай-ақ облыс орталығында құны 20 млрд. теңгеге арналған 2500 орындық зал, ауқымды жиындар, форумдар және кездесулер өткізуге арналған соңғы үлгідегі 150 адамдық жиын өткізу залы қарастырылады. Одан бөлек халықтың салауатты өмір сүру салтын қалыптастыруға арналған кәсіби фитнес залдары салынады. Бұл нысан осы жылы пайдалануға беріледі.

Бірнеше күн бұрын әлеуметтік желілерде «Қайсар» футбол клубының қаржылық мәселесіне қатысты теріс бағыттағы ақпарат шыққан болатын. Қызылордалық «Қайсар» футбол клубының қазіргі стратегиялық жоспары мен негізгі міндеттерін баяндаймыз.

Қызылордалық «Қайсар» футбол клубы 1968 жылы «Волна» атауымен құрылған. Сол жылы алғаш рет Петр Боголюбовтың жетекшілігімен тұңғыш мәрте КСРО чемпионатында бақ сынап, Сыр өңірінің футбол тарихы басталған.

Жарты ғасырдан астам тарихы бар клубтың ойыншыларын осы уақытқа дейін 35 бапкер жаттықтырды.

Ең алғаш «Қайсар» футбол клубы 1999 жылы тұңғыш рет Қазақстан кубогын жеңіп алды. 2000 жылы Азия кубогында ел намысын қорғап, «Худжанд», «Ниса» секілді белді командалармен шеберлік сынасып, тарихи ойындар өткізді.

2019 жылы Сырдың бас командасы Қазақстан кубогын екінші мәрте жеңіп алып, Еуропа лигасының жолдамасын иеленді. Команда мүшелері Кипрдің 32 дүркін жеңімпазы әйгілі «Аполл» клубымен күш сынасып, жанкүйерлерге үздік ойын өрнегін көрсетті.

«Қайсар» футбол клубының қаржылық мәселесі туралы айтатын болсақ, 2019 жылы облыстық бюджеттен жергілікті

**Қызылордалық «Қайсар» клубының қаржылануына байланысты әлеуметтік желіде “жекеге берілген клубқа облыстық бюджеттен қаржы бөлініп жатыр” деген ақпараттар жарияланды.**

**“Біреу біліп айтады, біреулер білмей айтады” дегендей, қазіргідей заң мен тәртіп қағидасы үстем бола бастаған тұста жеке компаниядағы клубқа облыстық бюджеттен қаржы бөлу үшін оған заңдық, құқықтық негіз керек екені анық. Алайда, оны көпшілігіміз ескере бермей, анық-қанығы беймәлім ақпараттар жетегінде кететініміз де шындық.**

**Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.Шермағанбет брифинг өткізіп, мәселенің мән-жайын ашық айтты.**

клубқа 4 млрд. теңге көлемінде қомақты қаржы бөлінген. Бұл сол кезеңдерде облыстар бойынша салыстырмалы түрде ең көп бөлінген қаржы болды.

2020 жылы клубқа облыстық бюджеттен 2,6 млрд бөлінсе, 2021 жылы Қайсардың құрамына 9 легионер алынды. Алайда бәсекелестіктің жоғары болуы және футболшылардың кәсіби деңгейінің төмендігі салдарынан жергілікті команда чемпионатта 19 ұпай еншілеп, турнирлік кестеде 13 орынға жайғасып, Бірінші лигаға төмендеді.

2022 жылы Нұрлыбек Машбекұлы облысқа басшы болып келгеннен кейін жергілікті командаға Премьер-Лигаға өтуге тиісті талаптар қойылды. Сол жылы бөлінген 605 млн. теңгемен жергілікті команда Бірінші лигада ойын өрнегін көрсетіп жүрген болатын.

2023 жылы аталған клубқа облыстық бюджеттен 1,2 млрд. теңге бөлініп, дұрыс жоспардың, қойылған тиісті талаптардың нәтижесінде жергілікті команда Бірінші Лигадан Премьер-Лигаға өтті.

2024-2025 жылдар аралығында команда облыстық бюджеттен бөлінген 1,2 млрд. теңгемен жасыл алаңда өнер көрсетті.

### Анықтама ретінде:

2019 жылы	4 млрд.теңге
2020 жылы	2,6 млрд.теңге
2021 жылы	1,6 млрд.теңге
2022 жылы	605 млн.702 мың теңге
2023 жылы	1,2 млрд. теңге
2024 жылы	1,6 млрд. теңге
2025 жылы	1,2 млрд.теңге
2026 жылы	995 млн теңге

«Қайсар» футбол клубының 2020 жылдан бастап қалыптасқан 753 млн.теңге көлемінде берешегі бар болатын. Қазіргі кезге дейін клуб берешегінің жартысы жабылды.

Мемлекет басшысы футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты тиісті тапсырма берген болатын.

Президент тапсырмасына сәйкес, елімізде алғашқылардың бірі болып қызылордалық «Қайсар» футбол клубы 2025 жылдың соңында жеке басқаруға өтті. Клубтың жаңа иесі – «TAU Group LTD» компаниясының басшысы, жерлесіміз Исламғали Қозбақов. Биылғы жылдан бастап жергілікті клуб жеке кәсіпкердің басқаруына берілді.

Осы ретте алдағы 5 жылда «Қайсар» футбол клубына облыстық бюджеттен белгілі бір көлемде қаржы қарастырылады. Осы уақыт аралығында қаржы көлемі кезең-кезеңімен азайып, бес жылдан кейін облыстық бюджеттен қаржыландыру толық тоқтатылады. Биыл жергілікті клубқа бөлінген қаржы 200 млн. теңгеге дейін қысқартылды.

Биыл жергілікті «Қайсар» футбол клубына облыстық бюджеттен бөлінген 995 млн.теңгеге мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес конкурс өткізіліп, жеңімпаз атанған «TAU Group LTD» компаниясына қаржы бөлінді.

Жеке басқаруға берілгеннің пайдасын айтатын болсақ; қазіргі таңда инвестор

18 млрд.теңгеге «Қайсар» академиясын салуда. Биылғы жылы негізгі база мен жаттығатын 3 алаңды салып, күз айларында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Қазір құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Ал толық кешенді 2027 жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда.

Бұл жоба клубтың ұзақ мерзімді дамуына бағытталған негізгі инвестициясы. Жалпы клубтың стратегиясы 5–10 жылдық жүйелі есімге бағытталған. Жоба аясында 7 толық өлшемді және 2 балалар алаңының құрылысы, сонымен қатар жабық манеж бен ойыншыларды қалпына келтіруге арналған медициналық орталық қарастырылған. Бұл академия қабырғасынан тәрбиеленіп шыққан спортшылар болашақта жергілікті «Қайсар» футбол клубын биік шыңдардан көрсетеді деп нық сеніммен айта аламыз. Біз бұл бағытта жасөспірімдер футболын әрдайым қолдап келеміз, алдағы уақытта да қолдайтын боламыз!

**Осы ретте жергілікті «Қайсар» футбол клубын дамыту аясындағы жүйелі жұмысы үшін белгілі кәсіпкер Исламғали Айтуарұлына ерекше алғыс білдіреміз.**

Екіншіден, жаңадан салынған стадионды күтіп ұстау шығындарының жылдық көлемі 500 млн. теңгені құрайды. Бұл қаржы толықтай жеке инвестордың өзінің қаражаты, бюджеттен оған ешқандай қаржы бөлінбеген.

Үшіншіден, шет мемлекеттерден келетін жалдамалы ойыншылардың шығындарын негізінен жеке инвестор өзі өтеп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтай отырысында барлық облыстарда спортинфрақұрылымын, соның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу мәселесіне ерекше тоқталған болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен аймақ басшысының ұйымдастыруымен 11 мың орындық «Kausar Arena» стадионы бой көтерді.

Құны 26,5 млрд. теңгені құрайтын жаңа стадионның жасыл алаңы халықаралық стандарттарға сай жабдықталған. Жаңа стадионның негізгі ерекшелігі - УЕФА классификациясы бойынша – IV санатты категориясына ие. Бірегей нысанның құрылысы бір жыл үш айда толық аяқталды.

Стадионның сапасы және архитектуралық келбеті заманауи талаптарға сай салынған. «Қайсар Арена» секілді басқа өңірлердегі стадиондардың шығындары шамамен 600 млн. теңгеден жоғары.

Жаңа стадион, Қайсар арена секілді заманауи нысандардың барлығы әлеуметтік салалардан талан-таражға түсіп жатқан қаржыларды тоқтатудың нәтижесінде үнемделген, қайтарылған қаражаттарға жасалды.

Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстарды одан әрі сапалы түрде жалғастыратын боламыз.

(Брифингтен)

«БЖЗҚ» АҚ-да «Ашық есік күні»:

## БЖЗҚ жаңа инвестициялық порталын ұсынады

2026 жылғы 28 сәуірде БЖЗҚ барлық ниет танытушыларды «Ашық есік күні» дәстүрлі онлайн-кездесуіне шақырады. Онда Қор мамандары invest.enpf.kz жаңа инвестициялық порталы және оның салымшылар үшін ашатын мүмкіндіктері туралы алғаш рет егжей-тегжейлі айтып береді.

Зейнетақы жинақтары – бұл болашаққа арналған қаражат қана емес, сонымен бірге тиімді басқаруға болатын қаржы ресурсы. БЖЗҚ салымшыларының міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын 50%-ға дейін және өкілетті зейнетақы жарналары есебінен қалптастырылған жинақтарын 100%-ға дейін инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) бере отырып, оның кірістілігіне ықпал ету мүмкіндігі бар. ИПБ зейнетақы қаражатын табыс алу мақсатында инвестициялық декларацияда көзделген акцияларға, облигацияларға, валюталарға және басқа да қаржы құралдарына инвестициялайды.

Бұл үдерістерді барынша түсінікті ету үшін жаңа инвестициялық портал іске қосылды. Портал салымшыларға инвестициялық қызмет туралы білімін арттырып, зейнетақы жинақтарын басқару үшін саналы шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Кездесу барысында сіз келесі мәліметтермен таныса аласыз:

- платформа қалай жұмыс істейді;
- зейнетақы активтерін инвестициялау жүйесінің құрылымы қандай;
- инвестициялық көрсеткіштерді қалай талдап, стратегияларды қалай салыстыруға болады;
- басқарушыны таңдағанда неге назар аудару керек;
- өз мүмкіндіктеріңізді саралау үшін invest.enpf.kz порталын қалай пайдалануға болады;
- салымшылардың болашақ зейнетақыға әсер ету үшін қандай нақты құралдары бар.

Қазақ және орыс тілдеріндегі бірыңғай цифрлық кеңістікте пайдаланушыларға инвестициялар тақырыбындағы базалық ұғымдар мен түсіндірмелер, инвестициялық портфельдерді сенімгерлікпен басқарушылар туралы түйінді ақпарат, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы, инвестициялау стратегиялары (критерийлері), қаржылық көрсеткіштер және салымшыларға сенімгерлік басқарушының және оның инвестициялық қызметінің портретін жасауға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер қолжетімді.

Портал қолданушылары кірістерді, портфельдердің құрылымын және ИПБ мен ҚРҰБ басқару нәтижелерін қолжетімді форматта дербес салыстырып, көрсет-

кіштердің динамикасын қадағалап, осылайша зейнетақы активтерін инвестициялау тетіктерін тереңірек түсіне алады. Мұндай құрал инвестициялау туралы құнды тәжірибе жинап, неғұрлым тиімді инвестициялық стратегияны таңдауға қатыса алатын және сәйкесінше зейнетақы жинақтарын басқаруға әсер ететін жас салымшылар үшін ерекше маңызды.

Іс-шара интерактивті форматта өтеді, қатысушылар қызықтырған сұрақтарын қойып, Қор мамандарынан түсініктемелер, сондай-ақ жеке консультациялар ала алады. Бұл формат әлемнің көз келген нүктесінен қосылуға және сарапшылардан тікелей өзекті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Атап өткен жөн, «БЖЗҚ» АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) отандас-тарымыздың қаржылық-құқықтық сауатын арттыруға көп көңіл бөлетіні белгілі. 2025 жылы Қор филиалдарының мамандары республика бойынша 800 мыңға тарта адам қатысқан шалғайдағы елді мекендердегі кәсіпорындар мен ұйымдарда 38 мыңнан астам таныстырылым өткізді. Республика бойынша түрлі кері байланыс арналары арқылы түскен 400 мыңдай өтініш өңделді.

Алдағы «Ашық есік күні» осы жұмыстың жалғасы болып табылады және оның қатысушыларына зейнетақы жинақтарын түсініп, оларды басқару үшін практикалық құралдарды ұсынады. Бұл шара салымшыларға да, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы хабар таратып жүрген журналистер қауымына да пайдалы болады деп үміттенеміз.

Іс-шараға қатысу үшін тіркелу керек. Ашық есік күні қазақ тілінде 10:00 Сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз <https://enpf.webex.com/webinar/register/rc20e79dbc0d4a1872a53480347892977>

Event-мәжіліс нөмірі: 2512 919 7402 Event-мәжіліс құпия сөзі: piSJY Ашық есік күні орыс тілінде 12:00 Сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз <https://enpf.webex.com/webinar/register/rf2127734dd8c6b6614193349ff28d783e>

Event-мәжіліс нөмірі: 2510 916 8371 Event-мәжіліс құпия сөзі: mZPdE Ашық есік күні қазақ тілінде 15:00 Сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз <https://enpf.webex.com/webinar/register/rf26cc7b4244f35a15d67cc5fd7e50a089>

Event-мәжіліс нөмірі: 2519 728 9191 Event-мәжіліс құпиясөзі: eM2M

## ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕГІ СУҒА ШОМЫЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Күн жылына байланысты демалыс жағажайлар кезеңі басталуда. Су қоймасының түріне қарамастан әр адам судағы мінез-құлпы ережелері мен қауіпсіздік шараларын біліуі және қатаң сақтауы керек.

Төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында сіздерге бірнеше қауіпсіздік ережелерін ұсынамыз:

Таңертең немесе түсте күн жылыған кезде шомылу жақсы, бірақ қызып кету қаупі бар. Судың температурасы 18-19 градустан төмен болмауы керек, ауа температурасы +20 +25 градус болуы тиімді.

«Суға түсуге тыйым салынады!» тыйым салу белгілерімен жабдықталған су объектілерінде шомылуға қатаң тыйым салынады;

Ересектердің қадағалауынсыз балалар жабдықталмаған, бейтаныс жерлерде шомылуға;

Моторлы, ескекті қайықтарға және басқа да жүзу құралдарының қасында жүзуге;

Катамаран, қайықтардан, сондай-ақ осы мақсаттарға бейімделмеген құрылыстардан суға секіруге;

Құтқарушыларды жалған шақыру немесе жалған дабыл белгісін беруге;

Ересектердің бақылауынсыз және жекпі ауа райында тақталарда, бөренелерде, шезлондарда, автомобиль камераларында, ауа матрацтарында және басқа жүзу құралдарында жүзу;

Су астына сүңгу және су астында ұзақ уақыт болу;

Суық суда ұзақ уақыт болуға, аш қарынға шомылуға;

Жағажайда суға шомылуға арналған белгіленген территориядан сыртқа шығып кетуге тыйым салынады.

Судағы қауіпсіз мінез-құлық шараларын қатаң сақтау ғана апат-тың алдын алатынын ескертеміз.

**ЕСЕНГЕЛДИЕВ Е. Т.**  
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты

## «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ»

Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады.

Біздің азаматтық ойлауымыз сыбайлас жемқорлықтың қандай да бір көрінісіне кедергі келтіруі тиіс, өйткені егер біз қазір сыбайлас жемқорлықты қабылдайтын болсақ немесе оны қолдайтын болсақ, онда біздің балаларымыз бен Қазақстанның болашағы қандай болмақ?

Біздің әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жалпы ісіне өз үлесімізді қоса аламыз: жеке, қоғамдық және кәсіби өмірде сыбайлас жемқорлық әдістерін қолдануға жол бермеу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілі фактілері туралы хабарлау, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда.

**Парманкулов Максұт Азимханович**  
Тұран ауылдық округінің өкімі

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кері әсер ететін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі. Ол билік пен лауазымды тұлғалардың өз қызметін жеке пайдасы үшін пайдалануын туғындайды. Мұндай әрекеттер қоғамдағы өділдік пен сенімді әлсіретеді. Сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептеріне заңдардың әлсіз орындалуы, бақылаудың жеткіліксіздігі, азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі жатады. Сонымен қатар, кейбір адамдардың тез пайда табуға деген ұмтылысы да бұл мәселені ушықтыра түседі.

Жемқорлықтың салдары өте ауыр. Ол экономиканың дамуын тежейді, инвестицияның азыянына әкеледі, халықтың мемлекетке деген сенімін жоғалтады. Әсіресе, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы жемқорлық болашақ ұрпақтың сапасына тікелей әсер етеді.

Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен заң үстемдігін күшейту қажет. Мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету, қоғам тарапынан бақылауды арттыру, сондай-ақ азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру маңызды. Әрбір азамат өзінің құқықтарын меңгеріп қана қоймай, өзіне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда нақты не істеу керектігін толық білуі қажет.

Сондықтан азаматтардың құқықтық сауатын көтеру үшін заң баптарын түсіндіру мақсатында жұмыс ретін көрсету бойынша үнемі жиі, басқосулар өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарында танымдық материалдарды үздіксіз жариялап тұру назардан тыс қалып көрген емес.

Соның ішінде, мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заны мен Әдеп кодексі талаптарын бұзудың алдын алу бойынша құқықтық оқыту, түсіндірме жұмыстары үнемі өткізіліп тұрады.

Әрбір адам жемқорлыққа қарсы тұруы тиіс, себебі бұл – ортақ жауапкершілік. Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Әділ әрі таза қоғам құру үшін әрқайсымыз адалдық пен жауапкершілікті басты қағида етуіміз керек.

**М.ҚАРАТАЕВ**  
Қалжан ауылдық округінің өкімі

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 14, 44, 113-10-баптарына сәйкес, 2026 жылғы 20 сәуірдегі шешімімен 2026 жылғы 19 сәуірде сайланған Қызылорда қаласы Белкөл кенті әкіміне Сәдуақас Халидуллаұлының тіркеді.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы **Б.ЖҰМАҒҰЛОВ:**

## ЖАЛАҚЫҒА ҚАРЫЗ МӘСЕЛЕСІ ЖОҚ...

Үстіміздегі жылдың 24 ақпанында Үкімет басшысының орынбасары Аида Балаеваның төрағалығымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өткен жылдың қорытындылары мен 2026 жылға арналған міндеттері туралы кеңейтілген алқа мәжілісі өтті.

Алқа мәжілісінде ведомство басшысы Асқарбек Ертаев халықтың әлеуметтік қорғалуына назар аударып, сапалы жұмыс орындарын ашу, еңбек ұтқырлығын арттыру, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жүйесін нығайту, әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру министрліктің стратегиялық бағыты ретінде айқындалғанын атап өтіп, бірқатар нақты тапсырмалар жүктенді.

Атап өту керек, биыл Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетімен аумақтық департаменттерінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Жұмыс жоспарда негізінен өндірістік жарақаттануды төмендету, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіби тәуекелдерді бағалау, сақтандыру жүйесімен қамту, еңбек шарттарын біріздендіру, ұжымдық шартты цифрландыру, салалық кәсіподақтар және өңірлік кәсіпкерлер палатасымен ынтымақтастықты арттыру міндеті тұр.

Жалпы, үстіміздегі жылы министрлік және комитетпен жүктелген басым бағыттар мен жоспарлы міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету негізгі жұмыстарымыздың бірі болады.

Есепті мерзімде мемлекеттік еңбек инспекторларымен жалпы жүргізілген 87 тексеру нәтижесімен 125 бұзушылық анықталып, 73 нұсқама берілді.

Жүргізілген тексерулер нәтижесімен еңбек заңнамасы талаптарын бұзған тұлғаларға қатысты 13 өкілшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалып, жалпы сомасы 3,5 млн.теңге айыппұл салынған.

Жалпы мемлекеттік еңбек инспекторларымен 217 жұмыскерлердің бұзылған еңбек құқықтары қалпына келтірілді.

Есепті мерзімде мемлекеттік еңбек инспекторларының қарауына жеке және заңды тұлғалардан 566 өтініш түсіп, заңдылықтарға сәйкес қаралды.

Қазіргі таңда облыс бойынша кәсіпорындарда жалақыға қарыз мәселесі жоқ.

Жыл басында облыс аумағында «ПетроҚазакстанҚұмкөлРесорсиз» АҚ, «Саутс-Ойл» ЖШС, «Қазгермұнай» БК» ЖШС кәсіпорындарында еңбек шиеленістерінің алдын алуға байланысты мониторингке алынды.

Наразылықтардың негізгі себебі – жалақыны көбейту және еңбек жағдайларын жақсарту.

Шұғыл әрекет ету шаралары нәтижесімен кәсіпорындардағы ахуал тұрақталды. Әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық үш жақты комиссияда қаралып, кәсіпорын басшыларына жұмыскерлер талаптарын орындау бойынша ұсыным берілді.

2026 жылдың 1 сәуіріне облыста Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне 7 645 кәсіпорындағы (87%) 137 318 жұмыскердің (93%) еңбек шарттары енгізілген.

Оның ішінде 314 шетел жұмыс күшін тарту бойынша рұқсат берілген. Шетелдік жұмыскерлердің еңбек шарттары толық 100% жүйеге енгізілген.

2026 жылғы 12 наурыздан бастап Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне еңбек шарттарын есепке алу саласындағы ашықтық пен тәртіпті арттыруға бағытталған өзгерістер күшіне енді.

Атап айтқанда Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне ақпаратты белгіленген мерзімдерде толық енгізу және дұрыс емес ақпарат енгізу түрінде жасалған бұзушылықтар өкілшілік жаза қолдануға әкеп соғады.

Сонымен қатар облыс бойынша Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінің деректерін талдау негізінде тіркелген еңбек шарттары мен міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтер арасында сәйкессіздіктер анықталуда.

Осыған орай қазіргі таңда барлық жұмыс берушілермен жүйеге еңбек шарттарын тіркеу, босатылған жұмыскердің шартын тоқтату, міндетті зейнетақы жарналарын төлеуде мерзім бұзушылыққа жол бермеу шараларын қатаң ұстану жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Кәсіби тәуекелдерді бағалау жүйесі өндірісте жарақат алу деңгейін төмендетудің маңызды құралы болып табылады.

Облыста жыл басынан бері 10 кәсіпорында кәсіби тәуекелдерді бағалау жүргізілді.

«Нәлдік жарақаттану – Vision Zero» тұжырымдамасын ілгерілету бойынша жүргізілген түсіндірме жұмыстарының нәтижесімен 42 кәсіпорын аталған тұжырымдамаға қосылды.

Мемлекеттік еңбек инспекторларымен құрылыс алаңдарында еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуына және жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған тік бақылау жүргізіліп, түсіндірме жұмыстарымен қамтылуда.

Жыл басынан облыста жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарты бар 2889 кәсіпорын болса, оның ішінде 2053-і заңды тұлғалар және 836-ы жеке кәсіпкерлер.

Бүгінде мемлекеттік мекемелерді қоспағанда сақтандыру жүйесімен қамтылған кәсіпорындардың үлесі 70,6 пайызды құрап отыр.

2026 жылдың 1 сәуіріне облыс бойынша 2 998 кәсіпорын мониторингке алынып, оның 66-ы жоғары және 127-і орта болжамды тәуекелі бар мекеме мен ұйымдар болды.

Талдау нәтижесімен, кәсіпорындардың жоғары тәуекелде болуының негізгі себептері қаржылық жағдайға байланысты, яғни міндетті төлемдердің кешіктіріп немесе мүлдем жүргізілмеуі.

Қазіргі таңда Еңбек тәуекелдер картасына енген тәуекел тобындағы кәсіпорындармен алгоритмге сәйкес, әрбір мекемемен жеке-жеке жұмыстар жүргізілуде.

Осы ретте үстіміздегі жылдың 13 сәуірінде Арал ауданында облыстық үш жақты комиссияның көшпелі отырысы өткізіліп, Еңбек тәуекелдер картасына тәуекелі бар кәсіпорындар бойынша жұмыстардың барысы қаралып, міндетті әлеуметтік сақтандыру және медициналық сақтандыру қорларының мәселері тыңдалды.

Жалпы есепті мерзімде әлеуметтік әріптестік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жақты комиссияның 18 отырысы өткізіліп, міндетті төлемдерді мерзімінде жүргізу, жалақы және тағы да басқа өзекті мәселелер бойынша 78 кәсіпорынның еңбек ахуалы тыңдалды.

<b>МЕНШІК ИЕСІ:</b>	<b>Редакцияның мекен-жайы:</b>	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	<b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген.	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
<b>Бас редактор</b> Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	<b>Телефон:</b> 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	<b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
<b>Бас редактордың орынбасары</b> Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	<b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			<b>Тапсырыс</b>	

## САУАБЫ МОЛ ИГІ ШАРА

Қызылорда облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс әкімінің ұйымдастыруымен «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – бір ұғым» атты жалпыхалықтық акциясы өтті.

Ұйымдардың мүшелері және жастар белсене қатысты. Президентіміз «Таза Қазақстан дегеніміз – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан-дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады», – деп,

дардың тазалығына, қараусыз қалмауына ерекше мән беріледі. Осындай тағылымды бастамалар арқылы қоғамда тазалыққа деген жауапкершілік артып, ұлттық құндылықтарымызға құрмет нығая түседі. Облыста 72 нысан киелі орындар тізбесіне енгізілген. Қасиетті кесе-



Өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар мен көпшілік зират ететін барлық аумақтарға көркейту-көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар ағаш отырғызу, қоршауларды ретке келтіру, жолдарды тазалау және жөндеу жұмыстары да жүргізілді.

жалпыұлттық бағдарлама айналған бастаманың мәнін ашып берді. Киелі орындарды зират етудің бұрыннан қалыптасқан ережелері бар. Оның ең негізгісі тазалықпен байланысты. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген даналық өткенге құрмет көрсетудің маңызын ұғындырады.

неперге жергілікті бюджеттен және демеушілердің қолдауымен реставрациялық, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, келушілерге ыңғайлы әрі қолжетімді ету мақсатында инфрақұрылымдары жақсартылды.

Сауабы мол игі шараға барша облыс тұрғындарымен қатар мәслихат депутаттары, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, ассамблея, қоғамдық

Халқымыздың дүниетанымында қорымдар тек жерлеу орны ғана емес, дүниеден өткендерге құрмет көрсететін, ата-баба рухына тағзым ететін қасиетті уақыт. Сондықтан кесенелердің, қорым-

Акция аясында аймақтағы 200-ге жуық қасиетті орындар мен зираттардың аумағын тазалау жұмыстарына 20 мыңнан аса тұрғындар белсенді қатысты. Бұл бағыттағы игі істер алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

## МЫҢДАҒАН АДАМ АУЛА ТАЗАРТТЫ

Қызылорда облысында аймақ бойынша «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Таза аула» атты ауқымды экологиялық акция өтті.

Өңірдегі барлық елді мекендерде 147 аула тазартылды. Акцияға 12 266 адам қатысып, 100 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Тазалық шарасына мемлекеттік мекеме қызметкерлері, еріктілер, жастар ұйымдары мен жергілікті тұрғындар атсалысты. Аулалардың қоқысы жиналып, айналасы абаттандырылды және көгалдандырылды.

Жыл басынан бері тазалық шараларында 46 934 ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері белсенділік танытқан. 1067 тонна қоқыс қалдықтары жиналып, 156 сквер мен парк, 225 тарихи-мәдени ескерткіш, 791 әлеуметтік, 407 өнеркәсіп және бизнес, 8 су нысаны, 843 көше бойы тазартылды. Оған 248 техника жұмылдырылды. Өңірдің климатына жерсінетін 27 450 түп қарағаш, терек, Сыр талы сияқты ағаш көшеттері егілді.



Акция аясында аудандарда да іс-шаралар ұйымдастырылды. Арал ауданының «Келешек мектебіндегі» «Жасыл мұра» шарасында түлектер мектеп ауласына 100-ден астам тал екті. Оқушылар мен ұстаздар табиғатты көркейтуге және ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға үлес қосты.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңірде тазалық сақтау, елді мекендерді көркейту және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Демеушілер мен бюджет қаражаты есебінен демалыс орындары, ойын және спорт алаңдары жаңартылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөнделді.

Қызылорда қаласындағы орталық алаң, мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, халық игілігіне берілді. Президент саябағы жаңадан қайта салынып, қала тұрғындары мен қонақтарының демалыс орнына айналып келеді.

**Ауылдарда «Үлгілі елді мекен» конкурсы өтіп, соңғы үш жылда 2 млрд. теңгеден астам қаржыға алынған 67 арнайы техника табысталды. Қалдықтарды басқару бағытында 98,7 млрд. теңгенің 9 жобасы бар. Жаңақорғандағы сұрыптау кешені іске қосылуға дайын, ал Сырдария ауданында жаңа полигон пайдалануға берілді.**

## КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ – Д.АБИЗОВ



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының бұйрығымен облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры лауазымына тағайындалған Абизов Діпмұхамед Мінуарбекұлы таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, бірқатар міндет жүктеді.

«Өңірімізге инвесторлар тарту және олардың жобаларын «бір терезе» қағидаты бойынша сүйемелдеуді ұйымдастыру керек. Жергілікті бизнес субъектілерін «Қазақстандық тауар өндірушілердің тізімі» жүйесіне тіркеу, өтінім беруін ұйымдастыру жұмыстарын

жандандыруды тапсырамын», – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Діпмұхамед Абизов 1978 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «мұнай және газ кеніштерін игеру мен пайдалану», Ақмешіт гуманитарлық-техникалық институтында «экономика» мамандықтары бойынша білім алған. Омбы гуманитарлық академиясында «экономика» мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін иеленген.

Жаңа жолын «Сырдария мұнай» акционерлік қоғамының бұрғылаушысы болып бастаған. Әр жылдары жеке секторда басшылық қызметтер атқарған. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы директоры лауазымын, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің, «Қаз Текстиль» өзін-өзі басқару ұйымы директоры лауазымын, «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» бақылау кеңесінің төрағасы болған.

2025 жылдың қыркүйек айынан осы уақытқа дейін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

## САЛЫҚ БАЗАСЫН ҰЛҒАЙТУ – БЮДЖЕТ ТҮСІМДЕРІН АРТТЫРУ

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен өткен жиналыста жергілікті бюджет түсімдерін қамтамасыз ету жолдары, салық базасын ұлғайту мәселелері талқыланды. Оған мемлекеттік кіріс департаменті, облыстық басқармалар, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері қатысты.

Жаңа жоспарланған салық түсімдерін толық қамтамасыз етуге қатысты бірқатар тапсырма берілді.

«Салық базасын ұлғайту – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселенің бірі. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін барлық кіріс көзін толық қамтып, бюджет түсімдерін арттыру – басты міндет. Бұл бағытта әлеует жеткілікті. Ең бастысы, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, жұмысты жүйелі үйлестіру қажет», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Сондай-ақ мемлекеттік кірістер департаментімен тығыз жұмыс жасау, қосымша резервтерге сүйеніп, түсімнің жоспарын орындау тапсырылды. Бұл өз кезегінде қала және аудандар шығындарын толығымен қаржыландыруға әсер етеді.

## ТУРИСТЕР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Президент кеңесшісі Бақытжан Сапиевтің төрағалығымен кеңес өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» бағдарламасының іске асырылу барысы, туристік дестинацияларды дамыту, мемлекеттік орман қорына 2 млрд. ағаш отырғызу, экопарктер құру мәселелері қаралды. Оған Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша аймаққа келген туристер саны 212 278 адамға жетіп, 25,4%-ға артқан. Қызмет көрсету көлемі 3 млрд. 288 млн теңгеге, яғни 42,8%-ға өсті.

Туристер мен жергілікті тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қайта жаңғыртылған теміржол вокзалы мен «Қорқыт ата әуежайына» үш тілде ақпарат беретін виртуалды карталар мен QR кодтар орнатылды.

Сондай-ақ заманауи музей ашылып, демалыс парктері жаңартылды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін халық көп шоғырланатын орындарға он бес 102 және SOS дабыл батырмалары қойылды.

Туристік инфрақұрылымды дамытуда бес, үш жұлдызды IBIS Qyzylorda, Pana қонақ үйлері салынып, аудандардағы теміржол вокзалдары жаңғыртылуда.

Туризм картасына енген 13 нысанда нақты шаралар қолға алынды. Жергілікті бюджет есебінен Жосалы кентінен Марал баба кесенесіне дейінгі 6,5 шақырым жол жөндеді. Байқоңырдағы зымыран ұшырылымын көрушілерге арналған 400 орындық заманауи киіз үй форматындағы бақылау пункті ашылды.

Еліміздегі алғашқы «Арал геопаркі» табиғи және геологиялық мұраны сақтау, тұрақты дамуды қамтамасыз ету, геотуризмді дамыту мақсатында құрылды.

## QJ ЛИГА ОЙЫНДАРЫНЫҢ МЫҢЫНШЫ МАТЧЫ

Қызылорда қаласының сол жағалауындағы «Қайсар Арена» стадионында облыс әкімдігі және Freedom QJ лигасының ұйымдастыруымен қызылордалық «Қайсар» және қостанайлық «Тобыл» командалары арасында QJ лига ойындарының мыңыншы тарихи матчының ашылу салтанаты өтті.



Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, Freedom Holding Corp бас атқарушы директоры, Freedom QJ League қамқоршылық кеңесінің төрағасы Тимур Турлов, Freedom QJ League президенті Рохус Шох қатысты.

Данияр Еренғалиұлы жиналған қауымды тарихи матчың ашылуымен құттықтап, ойыншыларға сәттілік тіледі.

«Өңір үшін маңызы зор жергілікті «Қайсар» мен қостанайлық «Тобыл» командалары арасындағы QJ лига ойындарының 1000-шы тарихи матчының ресми ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Футбол тарихына алтын әріппен жазылатын маңызды доданың басты мақсаты – отандық спортты, соның ішінде жасөспірімдер футболын дамыту, кәсіби футболшылар санын арттыру және командалар арасында бәсекелестікті қалыптастыру. Осы ретте жасөспірімдер арасындағы тарихи матчы біздің өңірде өткізуге ұсыныс білдірген Freedom QJ лигасына алғыс білдіреміз!

«Қайсар» QJ лига командасы 2023 жылы құрылды. Осы аралықта талантты футболшыларды тәрбиелеп шығарып, бүгінде қазақ футболының ұстаханасына айналып үлгерді. Аймақ мақтаншы Дінмұхамед Рүстемұлы секілді үздік ойыншылар «Қайсар» футбол клубының негізгі құрамында, сондай-ақ, Қазақстан жастар, ұлттық құрамада өнер көрсетуде. Бүгін жасыл алаңға шығатын жас футболшыларымызға сәттілік тілеймін!», – деді Данияр Жаналинов.

Шарада сөз алған Тимур Турлов, Рохус Шох жасөспірімдер футболының дамуында QJ лига ойындарының маңызы зор екенін атап өтті.

Доп додасының соңында жастар арасында танымал әншілер Dagecom және ARO жанкүйерлерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

## ЕЛІМІЗДЕ ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ ӨТУДЕ

Билығ жылының 24-30 сәуір аралығында «Вакциналар әр ұрпақ үшін жұмыс істейді» ұранымен имундаудың еуропалық апталығы өтеді. Апталық апталықтың адам денсаулығын нығайтудың маңызы, имундаудың пайдасы туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мирзанова Мая Миранбайқызы және облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әбдіқайымова Әлия Мүмәліқызы брифинг берді.

Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ә.Әбдіқайымова-ның айтуынша: – Вакциналау – денсаулық сақтаудың ең үлкен жетістіктерінің бірі. Ол бүкіл әлемде инфекциялармен күресудің ең тиімді және қолжетімді құралы ретінде танылды. Біздің елімізде профилактикалық екпелер Ұлттық екпе күнтізбесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Тұрғындардың имундаудың маңыздылығы жөнінде хабардарлығын арттыру мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік бюросының ұсынысы бойынша 2005 жылдан бері имундау апталығы өтеді. Имундау апталығы бір мезгілде барлық елде жүргізіледі. Бұл науқан халықтың жұқпалы аурулардың екпе профилактикасына оң көзқарасын қалыптастыруға, адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтау, өмір сүру ұзақтығын арттыру үшін имундаудың маңыздылығын насихаттауға бағытталған.

Профилактикалық екпелер арнайы дайындықтан өткен мейіргерлермен мамандандырылған егу кабинеттерінде жүргізіледі. Бүгінгі таңда Қызылорда облысында 215 екпе кабинеті жұмылдырылған. Алыс орналасқан елді мекендерде егу жұмыстары 44 жылжымалы егу бригадасымен жүзеге асырылады. Егуден кейін асқыну жағдайлары тіркелмеген.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары М.Мирзанова:

– «Жыл сайын сәуір айының соңғы аптасында өткізілетін Дүниежүзілік және Еуропалық имундау апталығы барлық жастағы адамдарды жұқпалы аурулардан қорғауда вакцинацияның аса маңызын арттыруға бағытталған. Вакцинация - жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді жолы. Соңғы 50 жылда вакциналар 150 миллионнан астам адамның өмірін сақтап қалуға ықпал етті. Уақытында екпе алу әр адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігі. Имундау нәрсете өлім-жітімін едәуір азайтып, миллиондаған асқынулардың алдын алуға мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде балалардың аман-есен өсіп, дамуына вакцинацияның үлесі зор», - дейді.

Екпе алмаудың қауіпті тұстары көп. Өрине қызылша, көкжөтел, сіреспе, полиомелит, гепатит сияқты ауруларды жұқтыру қаупі жоғарылайды. Екпе алмаған адамдар бұл аурулармен ауырған жағдайда ауру асқынып, өкпе қабынып, ми зақымданып, сал болып қалу қаупі бар. Тіпті белдеулікке ұшырау салдары да болуы мүмкін.

Шара аясында балаларын имундаудан бас тартқан ата-аналармен, халықтың қол жеткізу қиын топтарымен жұмыс істеуге, білім беру мекемелерінде имундауды насихаттауға ерекше назар аударылатын болады.

Кәзіргі кездері кейбір көзқарастарға орай екпе алмауға үндейтін шақырулар көп. Мамандардың айтуынша, екпе тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрал. Сондықтан әрбір азамат уақытылы вакцина алып, өз денсаулығы мен жақындарының амандығына жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Вакцинациядан бас тарту сынды көзқарастардың туындауына бірден-бір себеп – әлеуметтік желілерде жарияланған жағымсыз жарияланымдардың, негізсіз ақпараттардың болуы.

Негізгі вакцинациялауға қатысты қандай да бір сұрақ болса, Қазақстан бойынша 7701 желелі нөміріне хабарласуға, немесе egu.kz сайтынан ақпараттар алуға болады екен.

## Аудан жаңалықтары

АРАЛ

### МОБИЛЬДІК ТОПТЫҢ МОНИТОРИНГІ

Арал ауданы көлемінде тазалықты сақтау, көріктендіру және абаттандыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Осы мақсатта аудан әкімінің орынбасары Ш. Есжановтың бастамасымен құрылған мобильдік топ аудан орталығы көшелерінде орналасқан кәсіпкерлік

нысандар мен сауда орындарына мониторинг жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында топ мүшелері Бақтыбай батыр көшесінің бойындағы кәсіпкерлік объектілерді және базар аумағындағы сауда қатарларын аралап, олардың санитарлық ахуалы мен сыртқы көрінісіне назар аударды.

Нысандардың қасбеттерін қалыпқа келтіру, бояу, сырлау, айналаны тазалау, жарнамалық маңдайшаларды жаңарту, дүкен өйнектерін ретке келтіру мәселелері қозғалды.

Сала жетекшілері базар өкімшіліктеріне сауда орындарында тазалық талаптарын сақтау, ішкі және сыртқы күтімді тұрақты түрде жүргізу қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар сатушылар мен келушілер үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Аудандық полиция бөліміне базар маңындағы негізгі көшелерде көлік қозғалысын жүйелеу тапсырылды. Ал кәсіпкерлік бөліміне кәсіп иелерімен бірлесіп отырып, нысандардың келбетін жаңғырту, ескірген жарнамаларды ауыстыру, сауда орындарының сыртқы бейнесін ретке келтіру міндеті жүктелді.

Мобильдік топ өкілдері кәсіпкерлермен жүздесіп, ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап қолданысқа енгізілген талаптарға сәйкес нысандардың сыртқы жағдайын тиісті деңгейде ұстау керектігін түсіндірді.

Аталған мобильдік топ құрамында кәсіпкерлік, кірістер, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларының мамандары, аудандық полиция бөлімі, сондай-ақ қала әкімі аппаратының қызметкерлері болды.



ШИЕЛІ

### ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбековтың төрағалығымен кезекті аппараттық мәжіліс өтті. Мәжіліс барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы, салалық көрсеткіштердің орындалуы және тұрғындар үшін маңызды өзекті мәселелер жан-жақты қаралып, жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Аппараттық мәжілісте 6 мәселе қаралды. Оның ішінде басты мәселе - ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары болды. Бұл бағытта тиісті сала басшылары атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы кезеңге жоспарланған міндеттерді айқындады.



Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мұрат Әшірбеков баяндама жасап, көктемгі дала жұмыстарының ұйымдастырылуы, егіс алқаптарының дайындық деңгейі, тұқым, техника және жанар-жағармаймен қамтамасыз ету шаралары туралы баяндап, жұмыстардың жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Көктемгі егіске қажетті аяқ су мәселесі туралы айтқан «Шиелісушар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров суару маусымына дайындық, каналдарды тазалау, су бөлу кестесі және шаруаларды аяқ сумен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті.

2025 жыл қорытындысымен мерзімді әскерге шақыру жұмыстарының орындалуы және 2026 жылғы көктемгі әскерге шақыру науқанының барысы туралы баяндамасында аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы Қадырбек Бегманов өткен жылғы шақыру науқанының қорытындыларына тоқталып, биылғы көктемгі әскерге шақыру жұмыстарының барысы, жоспардың орындалу деңгейі жөнінде айтып өтті.

Аудан көлемінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және дала өрттерінің алдын алу шаралары туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Ернұр Райымбеков өңірдегі өрт қауіпсіздігі ахуалы, алдын алу шаралары, түсіндіру жұмыстары мен арнайы техникалардың дайындығы туралы мәлімет берді.

Сондай-ақ күн тәртібіндегі Шиелі кентінің орталығындағы жарнама тақтайшаларының жай-күйі және оларды реттеу мәселелері туралы аудандық құрылыс, саулет және қала құрылысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұршат Бағдатұлы аудан орталығындағы жарнама құралдарының қазіргі жағдайы, оларды ретке келтіру, заң талаптарына сәйкестендіру бағытындағы жұмыстар туралы баяндады.

Мәжіліс қорытындысында аудан әкімі Айтбай Жандарбеков күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріп, олардың уақтылы әрі сапалы орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

ҚАРМАҚШЫ

### “ОТЫРАР” КӨШПЕЛІ КӨРМЕСІН КӨРДІ

“Руханият” орталығында Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне орай Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің “МУЗЕЙ TOUR: экспонаттар экспедициясы” кешенді жобасы аясында “Отырар” мемлекеттік археологиялық музей-қорығының “Отырар алқабының қалалық мәдениеті және тарихи-мәдени мұрасы” атты көшпелі көрмесінің ашылу рәсімі өтті.

Ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев, зиялы қауым өкілдері, тарихшылар мен өлкетанушылар, студенттер, музей мамандары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Көрменің мақсаты - Отырар алқабының сан ғасырлық қалалық мәдениеті мен тарихи-мәдени мұрасын кеңінен таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Шараның қонақтарына көрме бойынша экскурсия жүргізіліп, Отырар алқабындағы қалалық өмір, тұрмыс, егіншілік, қолөнер, сауда-саттық жайында толыққанды мәліметтер айтылды.



СЫРДАРΙΑ

### “АҚЖАРМАҒА” КӨГІЛДІР ОТЫН КЕЛЕ ЖАТЫР

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Ақжарма ауылында жүргізіліп жатқан газдандыру жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді мекендерді көгілдір отынмен қамту жөніндегі тапсырмасына сәйкес өңірде газдандыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Осы ретте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен аймақта ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.



Аудан көлемінде де бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Ақжарма ауылындағы газдандыру жобасының жалпы құны 1,8 млрд. теңгені құрайды. Жобаны мердігер мекеме «Алия Сервис» ЖШС іске асыруда. Қазіргі уақытта газ құбырлары тартылып, белгілерін қою жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі жауапты сала мамандарына жұмысты белгіленген мерзімде сапалы аяқтауды тапсырып, нақты міндеттер жүктеді.

ҚАЗАЛЫ

### САПАСЫЗ ЖӨНДЕЛГЕН КӨШЕНІ МЕРДІГЕР ҚАЙТА ЖӨНДЕУДЕ

2024 жылы аудан орталығындағы Әйтеке би көшесіне мердігер мекеме – «Строймодуль-Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген болатын. Алайда асфальт қабатының сапасыз төселуіне байланысты аталған көшенің жабындысы қысқа мерзімде жарамсыз күйге түсті.

Қазіргі таңда мердігер мекеме өз қаражаты есебінен көшені қайта асфальттау жұмыстарын бастады.

Әйтеке би көшесінің сапасыз жөнделгені жөнінде тұрғындар тарапынан бірнеше рет өтініштер түскен болатын. Бұл мәселе облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей бақылауында болып, мердігер мекемеге жолды өз қаражаты есебінен сапалы қайта жөндеу жөнінде нақты тапсырма берілген болатын.

Бүгінде жол құрылысының сапасы аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың тұрақты бақылауында. Аудан басшысы тиісті сала мамандарымен бірге жүргізіліп жатқан жұмыстарды күнделікті қадағалап, мердігерге жөндеу жұмыстарын қысқа мерзімде әрі сапалы аяқтап, тұрғындар игілігіне беру қажеттігін ескертті.



Жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында биыл аудан орталығында 16 көшеге ағымдағы жөндеу мен Жанқожа батыр көшесіне айналма жол салу жұмыстары жүргізілуде.

ЖАЛАҒАШ

### ӘКІМ ВОКЗАЛДА ЖҮР...



Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жаңадан салынып жатқан теміржол вокзалының құрылыс нысанын аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Облыс әкімінің қолдауымен «Қазақстан Темір Жолы» АҚ арқылы жүзеге асырылып жатқан вокзал құрылысында қазіргі таңда ішкі өрлеу, шатыр жабу, инженерлік желілер тарту және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Нысанды аралау барысында аудан әкімі мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс қарқынын арттыру, сапа талаптарын қатаң сақтау, сондай-ақ вокзал маңын көркейту жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

ЖАҢАҚОРҒАН

### ИНКЛЮЗИВТІ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімінің төрағалығымен өткен «Инклюзивті саясатты іске асыру шаралары туралы» жиынынан соң аудан әкімі Мәжит Самитовтың төрағалығымен мәжіліс өтті.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша аудан басшысы аудандағы қолжетімді орта қалыптастыру жұмыстарының барысына тоқталды. Атап айтқанда қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілген бірқатар нысандарда жоспарланған жұмыстардың уақтылы орындалмай отырғанын сынға алды. Сонымен қатар мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру бағытындағы жұмыстардың жеткіліксіз деңгейде жүргізіліп отырғанын атап өтті.

Осыған байланысты тиісті сала басшыларына қолжетімді орта қалыптастыру жұмыстарын жүйелі түрде жандандыру, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту бағытындағы шараларды күшейту тапсырылды.

Күн тәртібінен тыс бірқатар өзекті мәселелер де қаралды. Атап айтқанда, соңғы бес жылда бюджет қаражаты есебінен салынған және құрылысы жүргізіліп жатқан әлеуметтік нысандар сапасына бақылауды күшейту, анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылдау міндеттелді.

Сонымен қатар, көктемгі әскерге шақыру науқанының барысы, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы түнгі рейдтер, макроэкономикалық көрсеткіштер, жаз мезгілінде ауа температурасының көтерілуіне байланысты өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау мәселелері қаралып, тиісті сала басшыларына алдын алу және түсіндіру жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

## Қызылорда – ортақ үйіміз

### КІРІС КІРІП ТҮР...

Өдеттегідей Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің бірінші орынбасарының төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды. Алғашқы тоқсандағы макроэкономикалық көрсеткіштерді талқылау бойынша қала әкімдігіндегі жиында шаһар басшысы Нұржан Ахатов бұл бағыттағы жұмыстарды ширату қажеттігін алға тартып, тиісті сала жетекшілеріне тапсырмалар жүктеді.

3 айда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасты. Бюджет кірістерінің жоспары 2026 жылдың 1-ші сәуіріне 102,1 пайызға орындалып отыр.

- Аймақ басшысы салық базасын ұлғайту бойынша нақты тапсырмалар жүктеді. Бүгінгі күні қала аумағында тұрғындардың мүлік және көлік құралдары бойынша берешек қалыптасқан. Бұл жергілікті бюджет кірістерінің орындалуына тікелей қатысты. Бюджет түсімінің есімі бірінші кезекте жеке бизнес қызметін заңдастыру, инвестиция тарту, нақты салықтық базаны анықтау арқылы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты жұмысты жедел үйлестіруді тапсырамын, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Мәжілісте Конго-Қырым геморагиялық қызбасы вирустық инфекциясының алдын алу жайы да қаралды. Қазіргі таңда қала көлеміндегі санитариялық-қорғанушы аймақтарында және буферлік зоналарда кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Өсіресе, саяжайлар мен ауылдық округтерде мал қора-жайларды механикалық тазалау атқарылуда. Жиында шаһар басшысы бұл бағыттағы шараларды күшейтуді міндеттеді.

### “БӘЙТЕРЕК” КӨПІРІ САЛЫНУДА

Аймақ басшысының қолдауымен инфрақұрылымдық жобалар қарқынды жүзеге асырылуда. Солардың қатарында көпірлер құрылысы бар. Бүгінгі күні Бәйтерек шағын ауданындағы оңтүстік магистраль каналы арқылы өтетін көпір құрылысы жүруде.

Ұзындығы 56 метр болатын көпірдің құрылысын «Асанас Дар» мекемесі салуда.

### ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП, КӨШЕЛЕРДІҢ АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ

Аймақ басшысының қолдауымен жолдар жөнделіп, көшелердің аясы кеңеюде. Басымдық шет аймақтардағы жолдарға беріліп, қызу жұмыстар атқарылуда.

### ТАЗАЛЫҚТЫ ЕСКЕРМЕГЕНДЕРГЕ ЕСКЕРТУ БЕРІЛУДЕ

Бүгінде белгіленбеген орынға қоқыс не құрылыс қалдықтарын тастау және қаланың сәулеттік келбетіне кері әсерін тигізу, жалпы эстетикалық талаптарды бұзу деректерін болдырмау мақсатында қала көлемінде аралау жұмыстары жүргізілуде.

Аралау барысында нысан аумағының тазалығы мен сәулеттік келбетін сақтамаған бірқатар кәсіп иелері мен тұрғындарға ескертулер жасалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

### АУЫЛДАР МЕН ШЕТ АЙМАҚ ЖОЛДАРЫ ЖАҢАРУДА

Қызылорда облысы әкімінің қолдауымен Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымы ерекше қарқынмен дамуда. Облыс әкімінің тегеурінді талабына сәйкес қаламен қатар ауылдық округтер мен шет аймақтардағы жолдар жаңарып, көшелердің аясы кеңеюде.

Биылдың өзінде қаралған 3,2 млрд. теңгеге кент және ауылдық округтердегі 26,3 шақырымды құрайтын 32 көшеде жұмыстар жүргізіле бастады.

Шет аймақтардағы көшелерге қиыршық тас төселіп, 17 көше асфальттануда. Ал, Сабалақ елдімекеніндегі 34 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары қолға алынды.

## ҒАНИ ТАҒЫЛЫМЫ - ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні қарсаңында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан жастарының көрнекті жетекшісі Ғани Мұратбаевқа арналған ескерткіш алдында «Ғани тағылымы – ұрпаққа ұлағат» атты мәдени іс-шара өтті.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – тарихи ескерткіштерді қорғау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие беру. Тарихи ескерткіштер – ел мұрасы әрі халық қазынасы болып табылады. Осыған орай тарихта із қалдырған тұлғалардың өмірі мен еңбегін ұлықтау – әрбір азаматтың парызы. Ғани Мұратбаев қысқа ғұмырында ел жадында өшпес із қалдырған тұлға. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі мен қоғамдық қызметі қазіргі жастар үшін өнегелі үлгі.

Шара барысында М. Ералиева атындағы Мәдениет үйінің директоры Манас Молдашев құттықтау сөз сөйлеп, Ғани Мұратбаевтың өмір жолы мен қоғамдық қызметіне кеңінен тоқталды. Сонымен қатар қатысушыларды тарихи ескерткіштер мен мұраларды сақтауға, қорғауға және насихаттауға шақырды. Шара барысында әдеби қойылым қойылып, Мәдениет үйі өнерпаздары концерт қойды.

Ғани Мұратбаевтың рухына тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы. Қазақ халқы қашанда өз тарихын, ұлы тұлғаларын қастерлеп, олардың есімін ұрпақ жадында сақтайды.

## БАСШЫЛАР ӨЗГЕРДІ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен мәжілісте әріптестері қала әкімінің орынбасары қызметін атқарған Ділмұхамед Абизовты жаңа қызметке шығарып салды. Шаһар басшысы Ділмұхамед Мінүрбекұлының адал қызметі мен білім-біліктілігін атап өтіп, оған алғыс білдірді.

- Ділмұхамед Мінүрбекұлы қызмет барысында өзі жетекшілік жасайтын салалардың жұмысын жүйелеп, тапсырылған міндеттерді жоғары деңгейде атқарды. Қаланың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына өз үлесін қосты, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Ділмұхамед Мінүрбекұлына Қызылорда қаласының ең жоғары марапаты - «Құрмет грамотасы» табысталды. Қала әкімі оның алдағы қызметіне сәттілік тіледі. Сондай-ақ, жиында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы таныстырылды. Бұл лауазымға Әнуәр Айдын Серікұлы тағайындалды.



Айдын Серікұлы 1990 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Білімі жоғары. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құрылыс», Алматы гуманитарлық-экономикалық университетін «Мемлекеттік және аймақтық басқару» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылы «СКА Строй-Проект» ЖШС-де техник-жобалаушы болып бастаған. 2011-2020 жылдары аралығында түрлі мекемелерде бас инженер, директор, 2020-2025 жылдары аралығында Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, Қызылорда облысы жұмылдыру дайындығы басқармасының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының» басшысы, қалалық құрылыс бөлімінің басшысы, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. 2025 жылдың маусым айынан осы кезге дейін қалалық құрылыс бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

- Айдын Серікұлы мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп, сатылап өскен білікті де, тәжірибелі маман. Тапсырманы тиянақты орындайтын жауапкершілігі мол азамат. Сондықтан әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін, - деді қала әкімі.

## КЕРНЕУ ӨЗГЕРСЕ ДЕ ӨШІП ҚАЛМАЙДЫ

Қызылордадағы қолданыстағы ескі жылу-электр орталығы 1964 жылы пайдалануға берілген, екі қазандық пен бір турбогенераторы болған. Орталық 67 мегаватт электр энергиясын өндіріп, облыстың тұтыну көлемінің тек 30%-ын қамтып келді.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясы мен 277 гигакалория жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығы құрылысы аяқталып, іске қосылды.

«Акса Energy» түрік компаниясы қолға алған жобаға 215 млрд. теңге инвестиция салынған.

Жоба бойынша қуатылығы 176 МВт 2 газ турбиналық қондырғы, 95 МВт бу турбинасы, қуаттылығы 120 тн/сағ 2 бу қазандығы, 150 Гкал/сағ 4 жылу қазандығы орнатылды.

Бүгінде жылу орталығында 176 мегаватт электр энергиясы өндірілуде және 150 МВттық 4 су жылыту қазандығы қосылды. Қосымша 95 МВттық бу турбинасы да дайын. Станция құрылысы 2024 жылы басталып, екі жыл ішінде аяқталды.

Инвестициялық шартқа сәйкес 2026 жылдың тамыз айында іске қосу жоспарланған болатын. Облыс әкімдігінің

ұйымдастыруымен құрылыс мерзімінен бұрын бітті. Орындалған жұмыстардың сапасы да тиісті деңгейде әрі бекітілген кестеден ерте.

Орталық облысты электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, өндірісті дамытуға серпін беруде. Жаңа станцияның қуаты 240 мегаватт, облыстың электр энергиясын тұтыну көрсеткіші 220 мегаватт, яғни ауысқан өзге өңірлерге сатуға мүмкіндік бар.

Станция жұмысына заманауи технологиялар енгізілген. Ескі жылу-электр орталығынан артықшылықтарын атап айтсақ: газ тұтыну көрсеткіші 50 пайызға үнемді; станция 20 минут ішінде 50 мегаватттан 240 мегаватқа дейін жүктеме өзгерістеріне тез бейімделіп, қуатты жылдам арттырып немесе азайта алады. Бұл жалпы оңтүстік өңірлердің энергетика жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін қажет.

Ескі жылу-электр орталығының ең жоғарғы желілік температурасы тек 950С болса, жаңа станцияда 1300С дейін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Су қыздыру қазандықтарының пайдалы өсер коэффициенті (КПД) 30 пайызға жоғары, себебі жылу жоғалтуы аз.

Жаңа станция автономды жұмыс істей алады, яғни жоғары қуатты (магистралдық) желілерде ақау шықса немесе кернеу күрт өзгерсе өшіп қалмайды.

### ҚАЛА ӘКІМІ ҚАТАҢ ЕСКЕРТТІ

Аймақ басшысының қолдауымен инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жемісті жүзеге асуда. Ауқымды істің бірі - «Қызылорда қаласының орталық бөлігінде су құбыры желілерінің құрылысы» жобасы. Онда 47 шақырымнан астам су құбырларын жаңғырту қаралып, тиісті қаражаты бөлінді. Ендігі жерде бас мердігер «Бақ-Береке 2030» ЖШС қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіп, жалпы жүйенің сенімділігін арттыруға жауапты.

Қала әкімі Нұржан Ахатов жұмыстың барысын бақылап, мердігер компанияға бірқатар талап қойды. Оның ішінде, су құбырларын жаңғырту барысында асфальт жабындысын бұзбай, құрылыс стандарттарын сақтау қажеттігін қатаң ескертті. Сондай-ақ, жобаны сапалы және мерзімінде аяқтауды тапсырды.

## БАЛАМАСЫ ЖОҚ БАЛАЛАР ДЕМАЛЫС ОРНЫ БОЛАДЫ

Аймақ басшысының бастамасымен Қызылорда қаласындағы Президент саябағында жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысандар биыл ел игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілуде.



Қала әкімі Нұржан Ахатов құрылыс алаңына барып, жұмыстың барысын көрді. Мердігер мекеменің мамандарымен кездесіп, құрылысшыларға ауқымды жобаның жауапкершілігін назарға салды.

«Лагердің құрылыс сапасы мен қауіпсіздігін арттыру үшін қатаң талап қойылады. Өйткені бұл лагерь еліміздегі баламасы жоқ балалардың демалыс орны болады. Ботаникалық бақ та сондай сұраныстағы нысанның бірі. Сондықтан ел асыға күткен жобаларды межеленген мерзімде аяқтау керек», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Айта кету керек, нысандар құрылысын «Alem Qurylus AQ» ЖШС-гі жүргізуде.

## ТАЗАЛЫҚ ПАТРУЛІ ТҮСІНДІРУДЕ



«Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында қала тазалығы мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында Тазалық патрулі мүшелері «Саяхат» мөлтек ауданында кезекті ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында тұрғындарға және кәсіпкерлерге қоршаған ортаны таза ұстау, тұрмыстық қалдықтарды белгіленген орындарға тастау және ортақ мүлікке ұқыптылықпен қарау қажеттігі түсіндірілді. Сонымен қатар тұрғындарға тазалықты сақтау – әр азаматтың ортақ міндеті екені айтылып, арнайы ақпараттық парақшалар таратылды.

## ӨЗГЕЛЕРДЕН ӨЗГЕШЕ ҚАЛА



Аймақ басшысының бастамасымен өңірдегі барлық салада серпіліске толы жемісті жұмыстар жүргізілуде. Кәсіпорындар мен зауыттар ашылып, халық сұранысындағы әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Жаңадан жұмыс орындары құрылып, түйткілді мәселелердің түйіні тарқатылуда. Осылайша Сырдың бас шаһары алып құрылыс алаңына айналып, сәулеті мен дәулеті тасуда. Қызылорданың қарқынды дамуы өзге аймақтарға үлгі болды. Бүгінде жасампаз жобалар легі жалғасуда. Соның бірі – көпқабатты тұрғын үй аудаларына салынып жатқан балалардың ойын және спорт алаңдары.

Ігілікті іске қызылордалықтардың алғысы шексіз. Өткен жылдың өзінде облыс әкімінің қолдауымен бөлінген 1,3 млрд. теңгеге көпқабатты 20 тұрғын үйдің ауласына заманауи алаңдар орналастырылып, аумақтары абаттандырылды. Өсіресе, жоба шет аймақтарда жүзеге асырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар биыл да күшейтіліп, қаржы көлемі де еселенді. Яғни, бөлінген 1,9 млрд.теңгеге 29 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына балалардың ойын және спорт алаңдарын салу жоспарланды.

Қазіргі кезде мердігер мекеме құрылыс-монтаж жұмыстарын бастап кетті. Бұлдан бөлек, «РеалСтройСнаб» ЖШС-нің демеушілігімен 20 тұрғын үй ауласындағы ойын және спорт алаңдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қала әкімі Нұржан Ахатов құрылыс алаңдарында болып, мердігер мекеме басшыларына жұмысты сапалы және мерзімінде атқаруды тапсырды.

- Аймақ басшысы тұрғындардың талап-тілегін ескерусіз қалдырмай, қажетті шараларға қолдау білдіріп келеді. Жаңа ойын және спорт алаңдарын салу да сол игіліктің дәлелі. Сондықтан мердігер мекемелер жауапкершілікті сезініп, құрылыс сапасына ерекше мән беруі қажет. Бұл алаңдар ұзақ жылға қызмет етуі тиіс, - деді Нұржан Сәбитұлы.


## ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Коммуналдық сала қызметкерлері өмір сүру сапасын жақсарту жолында қажырлы қызмет етіп, еліміздің өсіп-өркендеуіне бағытталған байыпты бастамаларға зор үлес қосып келеді. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов бірқатар сала қызметкерлерін қабылдады. Салтанатты кездесуде еңбек адамдары марапат төріне шығарылып, шаһар басшысының «Алғыс хаты» табысталды.

- Қарапайым еңбек адамына деген құрметті арттыру – елдіктің белгісі. Қандай қиын сәттерде де, ауа райының қолайсыз жағдайларында да, апаттық оқиғалар кезінде коммуналдық сала қызметкерлері әрдайым алдыңғы шепте жүреді. Сіздердің жауапкершілік жүгі зор жұмыстарыңызға сәттілік пен табыс тілеймін, - деді Арнұр Әлібекұлы. Өз кезегінде еңбек адамдары көрсетілген құрметке алғыстарын білдірді.



Кітапхана



# «ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ»

ауыр тиген пікір болмаған шығар. Экс-президент өзінің сүйікті шәкірттерінің бірі Иса пайғамбарға сатқындық жасаған Яһудаға, яки Иуда Эскарриот есімді сұрқияға теңеді. Ол мұны 2023 жылы желтоқсан айының басында шыққан «Менің өмірім. Бодандықтан - бостандыққа» деген кітабында атады. «2022 жылдың күзінің соңында журналистер мемлекетке опасыздық жасады және билікті күшпен басып алуға әрекет жасады деп айыпталған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы төрағасы Кәрім Мәсімовтің артында кім тұрғаны туралы не ойлайтынымды сұрады, - деп жазыпты ол мемуарында. - Мен былай жауап бердім: "Мен де осыған қатты қызығып отырмын, мен де тергеудің аяқталуын және оған не себеп болғанын және оның артында кім тұрғанын анықтайтын сот процесін күтіп отырмын. Өте қиын. Мәсімов менімен көп жыл жұмыс істеді, бірақ біреудің ішіндегіні қайдан білесің? Иса Мәсіх қасында отырған Яһуданың сатқын екенін білді ме? Біз құдай емеспіз. Сондықтан біз сотты соңына дейін күтеміз және баршамыз шынықты білетін боламыз деп ойлаймын". Бұған, әрине, біздің қосып-алатын ештеңеміз жоқ. Бірақ осы жолдардың жоны қазақ элитасының өз ішінде де опасыз екенін, олардың бір-бірілерін осылай оп-онай сатып кете беретінін білдіреді. Тіпті жоғарыдағы сөздердің өзінің жай

тергеудің барысы оған таңылған айыптардың өзін өзі қаншалықты ақтайтынын көрсетеді деп болжапты. «Мәсімов қашаннан өз ішінде күресіп жататын қазақ элитасының күрделі әлемінде жақсы өмір сүріп жүрген өте сақ адам болды. Мен Мәсімовтің қиын жағдайлардағы бұрынғы өзін ұстау мәнерін білетін болғандықтан, бүлік жасауға әрекет ету кезінде өз атынан қимылдай қояды деп ойлаудан аулақпын. Мен, ендеше, ол бұған қатысқан күнде де, бірінші рөлде болды ма, жоқ екіншіде ме, оны тергеудің барысы анықтайды деп ойлаймын», - деп есептейді сарапшы.

«Бұдан арғы тұтқындаулардың қаншалықты салмақты екенін таяуақты сағаттар көрсетеді. Бірақ бүгін хабарланғандай, бірінші президенттің елден кетіп қалмай, Нұр-Сұлтанда жүріп жатқан тағы бір аян болғандай, оның іс басындағы президент Тоқаевпен байланыста отыруы, айналып келгенде, шын мәнінде де Мәсімовтің болып жатқан оқиғалар үшін жауапты болуы мүмкін екенін аңғарта түседі. Ал бұл шындыққа сәйкес келе ме, жоқ па, ол - екінші мәселе», - деп түйіндейді өз сөзін Грозин.

Сол Кәрім Мәсімовтің Қазақстан билігінің аспанындағы жұлдызы 2007 жылы егемен еліміз саясатының ауыр салмақты өкілдерінің бірі Даниал Ахметовті алмастырып, республика тарихындағы ең жас Премьер-Министр болып таққа

ген соң Мәскеудегі Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университетіне оқуға түсіп, оны 1988 жылы араб филологиясы мамандығы бойынша бітіреді. 1988-1989 жылдары Бейжің тіл институтында қазіргі қытай тілін тереңдетіп оқиды, 1991 жылы Қытайдың Ухань заң университетінде юриспруденция саласы бойынша, 1999 жылы АҚШ-тың Колумбия университетінде топ-менеджерлер даярлау сферасы бойынша тағылымдамадан өтеді. Осының нәтижесінде 1999 жылы «Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің қалыптасуы проблемалары және оларды шешудің жолдары: теориясы мен практикасы» деген тақырыптағы диссертациясын сәтті қорғап, экономика ғылымдарының докторы атағын алады. Ал бұлардың арасында 1995 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітіріп алған еді.

1991 жылы оқуын бітіргеннен кейін елге оралған Кәрім Мәсімов әуелі Еңбек министрлігінде сыртқы байланыстар басқармасын басқарды. Қытаймен сауда жасаатын республикалық және коммерциялық компанияларда жұмыс істеді, 1992-1993 жылдары «Қазақ-пригранторг» серіктестігі директорының орынбасары, 1992-1995 жылдары Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі өкілдігінің аға экономисі және Үрімжідегі «Қазақ-инторг» республикалық сыртқы сауда бірлестігі

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

# ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

II-тарау

## ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

Кезінде көп жылдардан бері мемлекеттік қызметтің жоғары сатысында жүрген шенеуніктердің Назарбаевқа біршама жақын саналғандарына ерекше титул секілді «Елбасының сенімді серігі» деген көпшік қойылатын бір үрдіс бар еді. Бірақ солардың арасында бұдан да гөрі жоғары «ең сенімді» деген дәрежені еншілеген жалғыз тұлға Кәрім Мәсімов болатын.

«Елбасының ең сенімді серігі» деген анықтама арқаалаған сол мемлекеттік қайраткерді 2023 жылы 24 сәуірде Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты 18 жылға абақтыға жапты. Оған «мемлекетке опасыздық жасады», «билікті күшпен басып алмақ болды», «билікті немесе лауазымдық өкілетті асыра пайдаланды» деген ауыр айыптар тағылды. Бұған қоса барлық атақтары мен мемлекеттік наградаларынан айырылды, мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан өмір бойына қағылды, мүлкі түгел тәркіленді. Сөйтіп Премьер-Министр, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Президент Әкімшілігінің басшысы деген қызметтеріне «бұрынғы» деген префикс жалғанған азамат мемлекеттік қылмыскерге айналды шыға келді. Сондай-ақ оның өзімен бірге орынбасарлары, «А» арнайы мақсаттағы қызметінің жетекшісі Әнуар Садықұлов 16 жылға, Дәулет Ероғожин 15 жылға, Марат Әсіпов 3 жылға сотталды. Үшеуі де бұдан былай ешқашан мемлекеттік қызметке келтірілмейтін болып шеттетілді.

Бұдан бөлек ұлттық қауіпсіздік комитеті басшылығының 4 өкілінен мемлекет кірсіне 10 млрд. теңге және 24 млн. АҚШ доллары, яғни сол кездегі бағам бойынша барлығы 20 млрд. теңгеден астам қаржы жинап алынды. Егер бұлардың әрбірі 20 жыл жоғары мемлекеттік лауазымда қызмет істеді деп есептеп алып, әлгіндегі қаржыны төрт адамға бөліп шығарсақ, бұл төртеудің әрбіріне айына 20 млн. теңгеден артық ақша келетінін аңғарамыз. Ал біздің министрлердің еңбек өтілдеріне қарай ай сайын орта есеппен 1,5 млн. теңгеден жалақы алатындарын ойға алсақ, сотталушы төрт ноянның сомалары бұдан үш еседен аса көп екеніне көз жеткізер едік.

Еске сала кетейік, Кәрім Мәсімов 2022 жылғы 5 қаңтар күні түнде елде жаппай тәртіпсіздіктер қызу жүріп жатқан шақта қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметінен босатылып, 6 қаңтарда қамауға алынған болатын. Бірақ оның қамалғаны жайлы ақпар жұртшылыққа тек 8 қаңтар күні ғана аян болды. Соның артына оның сондай-ақ жоғарыда аталған алдыңғы екі орынбасарының ұсталғандары да хабарланды. Бұлардың бөрінің үстерінен Қылмыстық кодекстің жоғарыда атап өтілген үш бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Істер түгел «Аса құпия» деп танылды.

Тағы бір айтатын нәрсе, бұдан соң Кәрім Мәсімовтің бірінші орынбасары Самат Әбіш те қызметінен кетті. Астана қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты оны 2024 жылғы 26 ақпанда 8 жылға шартты соттауға үкім шығарды. Сондай-ақ мүлкі де тәркіленбеді. Бұған дейін Қазақстанда ешкім мұнда жылға шартты түрде сотталып көрген жоқ. Міне, біздің сот осындай бұрын-соңды болмаған «қызық» үкімді табан астынан ойлап шығарды.

Осылайша тәуелсіз Қазақстан билігінің тарихында Үкіметті ең көп ұзақ уақыт басқарған және осы аралықта өзіне пәлендей ауыр кінәрат таңылмаған, мұның орнына өзін креативті Премьер-Министр ретінде танытып үлгерген, 2016 жылдың қыркүйегінен бергі 5,5 жылда Ұлттық қауіпсіздік комитетін басқарып, ел ішіндегі өте ықпалды да қаһарлы тұлғалардың бірінен саналып келе жатқан Кәрім Мәсімов бір-ақ сәтте осының бөрінен - жоғары лауазымды қызметтен де, абырой-беделден де, бас еркінің бостандығынан да айырылды. Бұл дерек қоғамға шырқау шың басындағы шырақты шынардың бір песте-ақ күтпеген жерден құлап түскеніндей әсер етті. Әйтпесе, оның осы қызметінде өлі де тапжылмаған қалпында отыра беретіндей мүмкіндігі бар еді. Иә, 2019 жылы наурызда Нұрсұлтан Назарбаев орынтағынан кетерінен бір күн бұрын генерал-майор атағын берген, ал Қасым-Жомарт Тоқаев келе сала шенін генерал-лейтенантқа өсірген Кәрім Мәсімовке тікелей төніп тұрған ешқандай қауіп жоқ-тын.

Осы тұста Қазақстан элитасы мен бұқара арасында, әлбетте күні кеше «төбесімен көк тіреп» жүрген Кәрім Мәсімовті табалаушылар аз болған жоқ. Бірақ оған басты данагөй өрі жарылқаушысы Назарбаевтың айтқан сөзінен

көз алдау, назарды басқа жаққа аударып жіберу, күдікті бір адамның басына үйіп-төге салу тәрізді пиғылмен айтылып тұрмағанына кім келіпті!

Қазақстанда туып-өскен, іргелі білімін Ресейде алған, Қытайдан білігін арттырып қайтқан Кәрім Мәсімовтің «мемлекетке опасыздық жасау» бабы бойынша уақытша ұстау оқшаулағышына қамалғаны аталған елдерді де дүр сілкіндірді. Сондықтан олардағы саясаттанушылар да оқиғаға орай өзі білдірмей тұра алмады. «Отанға опасыздық жасады деген күдікпен ұсталған Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы бастығы Кәрім Мәсімов елдегі ықпалды саясаткерлердің бірі еді, - деді «РИА Новости» агенттігіне Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері, ТМД елдері институты Орталық Азия және Қазақстан бөлімінің меңгерушісі Андрей Грозин. - Ол туралы көптеген қауесеттер тарады, соның ішінде шетелдік барлау қызметтерімен байланысы бар екені айтылды. Сонымен бірге бүкіл жауапкершіліктің салмағы тап соған жүктеліп жатқанына қарамастан, - республикада кең етек алып кеткен бүліктің ұйымдастырушысы ол болмай қалуы мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды».

Сарапшының айтуынша, Қазақстандағы бүлік әрекетінің алдын ала алмау себебін тек арнайы қызмет кәсібилігінің төмендігімен түсіндіруге болмайды. «Сондықтан, оған кемінде мемлекетке опасыздық жасады деген айып тағылуы қисынды болып көрінеді. Енді біраз жайттарды күту керек. Бірақ қазір Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық басшылығының қызметінен босатылғаны мен осыған байланысты тергеудің жүріп жатқаны бүлік шығаруды ұйымдастырған әрекет болды деп болжауға мүмкіндік береді», - деп түсіндіреді ол.

«Көп адам Мәсімовтің тұңғыш президенттің (Нұрсұлтан Назарбаев) тұсында ҰҚК басшысы болып тағайындалуын республикадағы жоғары биліктің транзитті барысын қадағалайтын лауазымға ауыстыру, сондай-ақ оған бүлік қазақстандық элитаның үстінен орасан көлемде әшкерелеу деректерін жинауға жол ашып беретін лауазым тізгінін ұстату деп бағалады. Бұдан бөлек, ол әрдайым бірінші президенттің «артында» тұрды. Транзит басталғанға дейін ол елде ықпал ету дәрежесі жағынан президенттен кейінгі екінші адам болды», - деді Грозин.

Оның айтуына қарағанда, Мәсімов, - қауесет-терге ден қойсақ, орасан зор қаржы империясы бар табыскер бизнесмен. «Мәсімов мемлекеттік қызметке 2000-шы жылдары келген, оған дейін бизнеспен айналысқан. Біраз уақыт Тұңғыш Президент әкімшілігінің басшысы болған. Қыршаңқы тілдер оны Назарбаевтар отбасының «кассирі», яғни тұңғыш президент туыстарының ақшасын, құрығанда, оның бір бөлігін ұстап отыратын адам болды деп те атайды», - деп атап өтті сарапшы.

«Кезінде ол туралы неше түрлі қауесеттер мен алып қашпа әңгімелер кең тарады. Ал ресми өмірбаяны өте жұтаң, көп нәрсе жоқ еді. Жұрт оны «МИ-6 жансыз», «Мемлекеттік департамент пен ЦРУ агенті», сондай-ақ «Қытай тыңшысы» және «Ресейдің шпионы» деп айтты. Ол туралы не айтылмады! Ол - көптен бері елде жоғары орынтақтарда келе жатқан биліктің формалды немесе формалды емес тетіктері қалай жұмыс істейтінін білетін және бұл тетіктерді өзінің жеке мүдделеріне керемет пайдалана алатын, өте тұйық, ықпалы тым күшті адам. Көп адам оны Назарбаев билігінің кейінгі кезеңінде мемлекеттік деңгейде қабылданатын кадр саясатын, негізгі ішкі саяси және сыртқы саяси шешімдерді анықтай алатын «сұр кардинал» деп атап жүрді», - дейді Грозин. «Жұрт оның этностық қазақ емес, ұйғыр екенін де айтатын. Ол туралы алу түрлі қауесеттер де көптің, бірақ оларды өзі жоққа шығарған да, растаған да жоқ. Сондықтан оның айналасында үнемі көптеген даулы дақырт тудыратын ахуал қалыптасты», - деп атап өтті саясаттанушы.

Саясаттанушы Мәсімов соңғы уақыттары «сұр кардиналды» ойының көп ойнап кетті, енді

отырған кезінде жанды. Шынтауында небері 41 жаста мұндай бас айналдыратын биік мансаптың қатардағы қарапайым адамның таланына ешқашан тура келе қоймасы анық еді. Ал Мәсімов қарапайымдар қатарынан болған жоқ, мұны оның басты басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі де орайы келген жерлерде әрейді айтып тұратын-ды. Осы ретте Кәрімнің қайын атасы Азат Машуров та жай қатардағы көптің бірі болмағанын айта кетейік. Кезінде көрнекті партия және кеңес қайраткері болған ұйғыр азаматы Талдықорған облысындағы Панфилов (қазіргі Жаркент) ауданын ұзақ жыл басқарды, бұдан кейін тағы да басқа беделді қызметтердің шылауында жүрді. Міне, осы қолдаудың арқасында Кәрім ат арқасына ерте мінді. Сөйтіп, Назарбаевтың көзі түсетін ауқымда қызмет еткен халықаралық құқық жөніндегі сарапшы, тағы бірқатар жылдардан кейін-ақ Президент әкімшілігін басқаруға қол жеткізді, екі мәрте Үкімет басшысы болды, сосын мемлекеттің басты барлау органы - қауіпсіздік комитетінің төрағасы ретінде танылды.

Сол жылдардың бәрінде ұлы ұстаз Назарбаевтың Мәсімовті өзге сенімді мұриттеріне қарағанда да жанына өте жақын ұстайтыны туралы жиі сөз етіліп жүрді. Негізі, бұл тектен тек нәрсе емес еді, өйткені ол осы талантты адамның ешқашан ең жоғары лауазым - өзінің орынтағына ұмтылмайтынын жақсырақ білді. Ол анасы Элеонора Кәрімқызы Әжібекова жағынан қаны қазақ болса да, әкесі Қажымқан Қасымұлы Мәсімовтің ұйғыр болуы себепті осы миллет өкілі болып саналатын. Сондықтан тіпті мұндай ниеті пен пиғылы болғанымен ол қазақ қоғамынан толық қолдау алып кете алмайтын-ды. Сол себепті біз оның Қаңтар қақтығысы тұсында да осындай мақсаттың жетегіндегі бас фигурант болғанына оншалықты илана қоймаймыз.

Ал Кәрім Мәсімов жастайынан қабілетті, дарынды, лидер болып өскенге ұқсайды. 1965 жылы 15 маусымда Целиноград (қазіргі Астана) қаласында өмірге келген ол жоғары сыныптарда республикадағы беделді орта білім беру ошақтарының бірегейі - Алматы физика-математика мектебіне түсіп, оны өте жақсы бітірген, 1972 жылы академик Орынбек Жаутықовтің тер төгуімен пайда болған бұл ерекше мәртебесі бар мектепке әдетте тек алғыр оқушылар ғана қабылданатын. Алайда қазір мұнда сонымен бірге «тамыр-таныстық» арқылы кіріп кеткендер де кездескенін тілге тиек етіп жүрген кейбір сарапшылар сол жылдар сұрлеуінде әкесінің «майлы» жерлерде қызмет атқарғанына ишара жасап, Кәрімнің де сондай «блатпен» мектепке қабылданғанын дәлелдегілері келеді. Расында Қажымқан Қасымұлы ұлының мектеп жасындағы кезінде Алматының іргесіне орналасқан Боралдайдағы кірпіш зауытының директоры болып қызмет етіпті. Сосын республика Министрлер Кеңесі жанындағы Бас отынмен қамтамасыз ету басқармасын басқарып, елеулі ықпалды басшылар сапында жүріпті. Екеуі де жұрттың «күні түсетін» жерлер. Әсіресе, үй салатын немесе саяжай ұстайтын шенеуніктер үшін ол аса керекті адам болған. Алайда біздің кейіпкеріміздің мектепте озат болғаны бұл болжамды бірден санаттан шығарып тастайды. Осы ретте бірге оқыған сыныптастарының Кәрім жөнінде қалыптасқан пікірлері жоғары екенін де айта кетейік. Мысалы, солардың бірі - Астрахан мемлекеттік университетінің доценті Аида Құрманғалиева ханым «Азаттық» радиосының тілшісіне жазған хатында Мәсімовті «психологиялық жағынан өте жағымды әсер қалдыратын және бұл әсерді әлі күнге дейін ада етпей, кәсіби деңгейде ұштастырып келе жатқан ұзын бойлы, сымбатты, өңді, қарапайым және өте биязы жас жігіт» ретінде есіне түсіреді. Премьердің қазір АҚШ-тың Нью-Джерси штатында тұрып жатқан тағы бір сыныптасы Галина Светлицкая болса, оның табысты мансабының негізінде терең білім жатқанын, оның ұдайы ізденіс үстінде жүретінін алға тартады.

Бірге оқыған достары осындай мінсіз мінездеме берген Кәрім Мәсімов 1982 жылы республикалық физика-математика мектебін үздік бітір-

директорының орынбасары болды. 1995-1994 жылдары Қытай тауарларын республикаға жеткізумен айналысқан, физика-математика мектебін өзінен бес жыл кейін бітірген Нұрлан Қапаров меншігіндегі «Ақцетп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі орынбасары, 1994-1995 жылдары Гонконгтағы Қазақ сауда үйінің атқарушы директоры қызметтерін атқарды.

Бұдан кейінгі жылдары Кәрім Мәсімов күтпеген жерден банк саласына ауысты. Бұған, сірә, республикалық физика-математика мектебін өзінен бір жыл кейін бітірген Тимур Құлыбаев пен Нұрлан Қапаров тікелей мұрындық болған сияқты. Олай дейтініміз, бұл екеуі Кәрім 1995-1996 жылдары басқарма төрағасы болып қызмет атқарған «Алматы сауда-қаржы банкі» жабық акционерлік қоғамының тең құрылтайшылары еді. Бұдан кейін ол 1996-1997 жылдары «Тұранбанк» банкі басқарса, 1997-2000 жылдары «Қазақстан халық жинақ банкі» ААҚ басқармасының төрағасы болды. Сірә, осы соңғы қызметіндегі кезеңі оның болашақтағы бағытын толық айғақтап берсе керек. Бұған себеп - Кәрім Мәсімов осы банк тізгінін өзі ұстап тұрған жылдарында Президенттің қызы Динара Құлыбаева мен күйеу баласы Тимур Құлыбаевқа аталмыш қаржы мекемесін жекешелендіріп алуды ұсынып, оны жасаудың ешкім оңайлықпен түсіне алмайтын шым-шытырық сызбаларын жасап берді. Банк осылай Кәрімнің күткірқы әрекеттері арқасында ерлі-байлы олигархтар Құлыбаевтардың қолына өтті. Бұл үшін ол, әрине, досы тарапынан алғыстан бөлек, мол шарапат пен шексіз қолдау алды.

Дәл соның өтеуі болса керек, арада жыл өткеннен кейін Кәрім Мәсімов күтпеген жерден Көлік және коммуникация министрі болып шыға келді. Осы орайда Леонид Млечиннің «Трагический январь. Президент Тоқаев и извлечение уроков» деген кітабына тағы бір мәрте көз жүгіртіп өткеннің артықтығы бола қоймас еді. Онда Кәрім Мәсімов пен Тимур Құлыбаевтың жас кезінен жақсы араласқан достар екені айтылады. «Олар екеуі бір-бірімен күшті тандем құрды. Құлыбаев өзінің қаржылық және өнеркәсіптік империясы мен қазақстандық олигарх миллиардерлер тізімінде сенімді түрде бірінші орынға шықты. Құлыбаев досы Кәрім Мәсімовті қайын атасына қабілетті, болашағы зор менеджер ретінде таныстырған деседі», - деп атап өтеді журналист. Ол бұдан өрі Тоқаевтың да Кәрімнің қызмет сатысын өсуіне, соның ішінде ең алғаш рет министр болуына ықпал еткенін ескерте кетеді. «Дегенмен, дейді ол, Тоқаевтың өзі де Мәсімовтің мансап сатысымен жоғары көтерілуіне көмектесті. Ары қарай автор: «1990 жылы Қытайдағы КСРО елшілігінің ғимаратында маған әрдайы бір жігіт келіп, өзінің Ухань университетінің студенті екенін, ол жерде қытай тілін оқып жатқанын айтты -деп Тоқаевтың сөзін келтіреді. - Сосын ол қымсынып тұрды: «Мен сіздің партком мүшесі екеніңізді білемін, сондықтан маған СОКП мүшелігіне өтуге келіпді бере алмайсыз ба?» деді. Менің сол кезде партияның ыдырап, кеңес қоғамында жетекші саяси күш болудан қалып бара жатқанын ескерткеніме қарамастан Мәсімов партия мұраттарының нығаюына өзінің үлесін қосқысы келетінін сеніммен айтты. Сөйтіп, мен оның «партиядағы өкіл әкесі» болдым», - делінген кітапта.

Журналистің баяндауынша, Қасым-Жомарт Тоқаев 1999 жылы қазанда Премьер-Министр болған кезінде Мәсімовті Көлік және коммуникация министрі қызметіне өзі шақырғанын есіне түсіргенді ұнатпайды. «Тоқаев мұны былай деп түсіндірді: Оның жеке командасы болған жоқ, бірақ ол қарапайым және қабілетті жігіт сияқты болып көрінді. Кейіннен Мәсімовтің көптеген достары да ол туралы дәл осылай айтатын болды. Ол Қазақстанда жоғары лауазымдарда қызмет атқара жүріп, шетелдік элита өкілдерімен өзіне пайдалы байланыс орнатуға белсене араласты. Мәсімов қамауға алынғаннан кейін сол беделді адамдары оны қорғауға шығып, Батыс құндылықтары мен демократиясын қолдаушы, Қазақстандағы Ресей мен Қытай ықпалына қарсы күрескер қатарында дереу босатуды талап етті. Ал Ресейде ол Батыстың Қазақстанға қатысты жасап жүрген сыйбайлас жемқорлық ықпалына қарсы тұрған мәскеушіл адам болып саналды...», - деп жазды Млечин.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

## ҚАРЫЗ КЕЗІНДЕ САҚТАНДЫРУ: НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі сақтандыру агенттерінің комиссиялық сыйақысының мөлшерін банктік қарыздар мен микро-кредиттер шеңберінде ресімделетін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысы сомасының **10%-ына дейін** шектеуді көздейтін заңнамадағы өзгерістер туралы еске салады.

Осыған дейін көптеген банктер мен микро-қаржы ұйымдары сақтандыру агенттері ретінде сақтандырушылардың міндетті шарты ретінде белгілеп, сақтандыру компанияларынан **90%-ға дейін** комиссиялық сыйақы алды. Қабылданған өзгерістер қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, сақтандыру қызметтерінің ашықтығын арттыруға және тұтынушыларға қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған.

Сондай-ақ заңнамада банктер мен микро-қаржы ұйымдарының сақтандыру өнімдерін мәжбүрлеуге немесе қарыз алушының сақтандыру компаниясын таңдауда шектеуге құқығы жоқ екендігі көзделген. Қарызды ресімдеу кезінде сақтандыру ерікті болып табылады, оның талаптары тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартымен айқындалады.

Ұсынылған шарттармен келіспеген жағдайда, қарыз алушы басқа сақтандыру ұйымын таңдауға құқылы. Қарыз алушының қарыз шартына байланысты сақтандыру шартынан ол жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде бас тарту құқығы сақталады. Бұл жағдайда банктер

мен микро-қаржы ұйымдары қарыз шартының талаптарын сыйақы мөлшерлемесі және (немесе) онымен байланысты комиссия бөлігінде қайта қарауы мүмкін.

Бұл ретте сақтандыру шартын жасау туралы талапсыз қарыз шартын жасаған күні қолданыста болған деңгейден аспайтын сыйақы мөлшерлемесін немесе комиссияны қайта қарау бойынша шектеу заңнамамен бекітіледі.

Бұдан басқа, қарыз шартына байланысты сақтандыру шарты бұзылған кезде сақтандыру сыйлықақысын қайтару мерзімі нақтыланды. Қарыз алушы қарыз беруші алдындағы міндеттемелерді толық орындаған жағдайда, сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру қолданылу кезеңіне барабар соманы, сондай-ақ Шартты бұзғандықтан, мөлшері алынған сақтандыру сыйлықақысының 10%-ынан аспайтын шығыстарды шегергенде қайтаруға міндетті. Қайтару сақтандыру ұйымы тиісті өтініш алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Енгізілген заңнамалық өзгерістерді ескере отырып, азаматтарға сақтандыру сыйлықақысы мен агенттік сыйақы мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру шартының талаптарын мұқият зерделеу ұсынылады.

Қабылданған шаралар неғұрлым әділ және бәсекеге қабілетті сақтандыру нарығын қалыптастыруға, сондай-ақ тұтынушылардың қаржылық сауаттылығы мен қорғалуын арттыруға ықпал етеді.

## КРЕДИТ ШАРТТАРЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ?

Кредитті ресімдеу - мұқият талдауды талап ететін маңызды қаржылық шешім. Егер жағдайды алдын ала түсінбесек, онда қосымша шығындарға тап болуға болады. Шартты мұқият зерделеу, кредиттің негізгі аспектілерін ескеру қажет.

### Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Кредиттер туралы сөз болғанда, көпшілігі атаулы пайыздық мөлшерлемеге бағдарланады, бірақ тиімді мөлшерлемені ескермейді. Тиімді мөлшерлеме пайыздарды ғана емес, сондай-ақ қосымша шығыстарды да қамтиды: комиссиялар, сақтандыру жарналары және басқа да міндетті төлемдер. Ол кредиттің нақты құнын көрсетеді. Банктер тиімді мөлшерлемені көрсетуге міндетті, сондықтан міндетті түрде осы көрсеткішті нақтылаңыз.

### Қосымша комиссиялар мен төлемдер

Банктер шот ашқаны, кредитке қызмет көрсеткені немесе мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссия ала алады. Бұл төлемдер қарыздың қорытынды сомасын ұлғайтуы мүмкін. Кредитті ресімдеу алдында ықтимал алымдардың толық тізбесін нақтылаңыз және оларды кредиттің жалпы құнын есептеу кезінде ескеріңіз.

### Сақтандыру

Банктерде өмірді, денсаулықты немесе мүлкті сақтандыруды міндетті түрде ресімдеуді талап ете алады. Бұл кредиттің құнын арттырады. Сақтандырудың қандай түрлері қажет екенін анықтаңыз және сақтандыру компаниясын таңдау мүмкіндігін тексеріңіз.

### Төлем кестесі

Шартта көрсетілуі тиіс төлем кестесімен танысыңыз. Онда сома мен төлемдерді енгізу күні көрсетілген. Бұл бюджетті жоспарлауға және кешіктірулерді болдырмауға көмектеседі.

### Айыппұлдар мен өсімшұлар

Міндетті түрде айыппұлдар мен өсімшұларды есептеу шарттары көрсетілген шарттың бөлімін зерттеңіз. Қарызды уақтылы өтемегені үшін кредитор айыппұл есептеуге құқылы екенін есте сақтаңыз.

### Шартты талдау

Егер бірдеңе түсініксіз болып қалса, шартқа қол қоймаңыз. Үйде оқып-танысу үшін шарттың көшірмесін алыңыз немесе мамандармен кеңесіңіз. Банктер сізге кредитке қатысты барлық ақпаратты беруге міндетті.

### Қаржылық тәртіп

Кредитті табысты өтеу үшін өз қаржысын сауатты басқару маңызды. Бюджетті төлемдерді уақтылы енгізетіндей және жаңа борыштық міндеттемелерді болдырмайтындай етіп есептеңіз.

### Есте сақтаңыз: Кредит – бұл дұрыс көзқараспен пайдалы болуы мүмкін қаржы құралы.

Алайда келісім-шарттың егжей-тегжейіне назар аудармау күтпеген шығынға әкеп соғуы мүмкін. Шарттарды зерттеңіз, банк қызметкерлеріне сұрақтар қойыңыз және қаржыңызды мұқият жоспарлаңыз.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ТҮРІНДЕГІ АЛАЯҚТЫҚ:

## АЛДАУДЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі азаматтарды алаяқтықтың жиілеп бара жатқаны туралы ескертеді, онда қаскөнемдер азаматтарға **тұрғын үй, кредит алуға немесе мемлекеттік бағдарламалар бойынша қарыздарды есептен шығаруға** үдө береді.

«Жедел ресімдеу» немесе «көпіндендірілген мақұлдау» деген сылтаумен олар ақша аударуды сұрайды, содан кейін құрбандарды ақшасыз қалдырып, байланысқа шығуды тоқтатады.

Мұндай схемалар жиі жалған сайттармен, мессенджерлер мен әлеуметтік желілердегі хабарландырулармен, «кеңес берушілердің» қоңырауларымен және дербес деректерді ұсыну өтініштерімен қатар жүреді. Кейбір жағдайларда қаскөнемдер жоқ заңдарға немесе бағдарламаларға сілтеме жасайды.

Алаяқтар азаматтардың, әсіресе қаржылық қиындықтарға тап болғандардың аңқаулығын пайдаланады. Олар қоңырау шала алады, мессенджерлерде жаза алады, әлеуметтік желілерде хабарландырулар жариялай алады немесе ресми порталдарға ұқсас жалған сайттар жасай алады. Олардың мақсаты – ақшаға немесе дербес деректерге қол жеткізу.

### Өзіңізді қалай қорғауға болады:

Мемлекеттік бағдарламалар туралы кез келген ақпаратты ресми ресурстарда: eGov.kz, мемлекеттік органдардың сайттарында және олардың әлеуметтік желілердегі верификацияланған аккаунттарында тексеріңіз.

Ресми шартсыз бейтаныс адамдарға ақша аударманңыз. Мессенджерлер немесе хабарландырулар арқылы ресімдеуді ұсынатын делдалдарға сенбеңіз.

Егер сізге «кезектен тыс» көмек ұсынылса, бұл – сақ болуға себеп. Сақ болыңыз және жақындарыңызға, әсіресе қарт адамдарға ескертіңіз. Күдікті ұсыныстар болған жағдайда, құқық қорғау органдарына жүгініңіз.

## АКАДЕМИЯҒА ӘР МЕМҚЫЗМЕТКЕРДІҢ БАР ТАЛАСЫ...

Мемлекеттік басқару академиясына биыл үміткерлер 1 сәуір мен 1 маусым аралығында admission.apa.kz ақпараттық жүйесі арқылы тіркеліп, өтініш бере алады. Құжат қабылдау мерзімі екі ай. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200-ге жуық, докторантураға 12 грант бөлінген.



Сонымен қатар магистратурадағы гранттар саны 80 орынға көбейді. Кейбір бағыттар ғылыми-педагогикалық бағдарға ауыстырылып, оқу мерзімі ұзартылды, - дейді.

Сондай-ақ «Мемлекеттік саясат» бағдарламасына түсу үшін ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат міндетті талап ретінде енгізілген.

Академия магистратура және докторантура деңгейінде кадр даярлайды. Магистратура бағдарламалары 1 жылдан 2 жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Сондай-ақ қызметпен қатар оқуға мүмкіндік беретін модульдік бағдарламалар да қарастырылған.

– Қабылдау бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен үміткерлер аналитикалық эссе жазады. Кейін кәсіби және жеке құзыреттерін анықтауға бағытталған сұхбаттан өтеді.

Докторантураға түсушілер үшін қосымша зерттеу жұмысының жоспары бағаланады. Бұл талаптар үміткердің дайындық деңгейін жан-жақты саралауға мүмкіндік береді. Құжат қабылдау 1 сәуірден 1 маусымға дейін, конкурстық іріктеу 5-19 маусым, алдын ала қабылдау 25 маусым, қорытынды қабылдау 10 шілде, оқу жылы 1 қыркүйекте басталады, – дейді Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының аға оқытушысы Гүлсара Нұрова.

Үміткерлер барлық қажетті құжаттарды электронды форматта жүктеуі тиіс. Қабылдау нәтижесі конкурс қорытындысы мен сараптамалық бағалаулар негізінде анықталады.

2026 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына 2026-2027 оқу жылына құжат қабылдау басталды.

Академияда магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау admission.apa.kz ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Биыл үміткерлер 1 сәуірден бастап 1 маусымға дейін тіркеліп, өтініш бере алады. Яғни құжат қабылдау процесі 2 ай ғана жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200 адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Бұрын магистратураға тек 120 грант бөлінсе биыл мемлекеттік грант саны 80-ге артты. Сондай-ақ үміткерлердің функционалдық сәйкес өтініш анықтау бойынша арнайы комиссия құрылады. Бірақ оқу жылына құжаттар 12 емес, 14 білім бағдарламасы бойынша қабылданады. Биыл жаңадан «EMBA-ІСКЕР-ЛІК-ӘКІМШІЛЕНДІРУ», «DDPA-ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ» білім бағдарламалары енгізілді.

Жекелеген білім беру бағдарламаларын ғылыми-педагогикалық бағытқа ауыстыруға байланысты «мемлекеттік саясат», «халықаралық қатынастар», «экономика» бағдарламаларының оқу мерзімі 1,5 жылдан 2 жылға дейін ұзартылды.

Сонымен қатар «адами ресурстарды басқару» білім беру бағдарламасы «адами ресурстарды стратегиялық басқару» бағдарламасы болып өзгертіліп, оқу мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұлғайтылды.

«Мемлекеттік саясат» магистратура бағдарламасына түсушілер үшін ағылшын тілін меңгергенін растайтын сертификат болуы міндетті талап ретінде енгізілді.

**МАГИСТРАТУРА (1 / 1,5 ЖЫЛ):**

- MPA – Мемлекеттік басқару (1 жыл)
- MDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару (1 жыл)
- MSHRM – Адами ресурстарды стратегиялық басқару (1,5 жыл)
- MRD – Өңірлік даму (1,5 жыл)

**ЖҰМЫСПЕН ҚАТАР ОҚУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ (1 ЖЫЛ):**

- EMPA – Мемлекеттік басқару
- MRD – Өңірлік даму
- EMBA – Іскерлік әкімшілендіру

**2 ЖЫЛДЫҚ МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:**

- MPP – Мемлекеттік саясат
- ME – Экономика
- MIR – Халықаралық қатынастар

### ДОКТОРАНТУРА (3 ЖЫЛ):

- DPA – Мемлекеттік басқару
- DIR – Халықаралық қатынастар
- DE – Экономика
- DDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару

### ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ДАТАЛАР:

#### ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖҮКТЕУ ҚАЖЕТ:

- Мемлекеттік органның жодамасы (мемлекеттік қызметшілер үшін).
- Жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі.
- Жоғары білімі туралы құжаттың (магистратураға түсу үшін) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың (докторантураға түсу үшін) сканерленген нұсқасы (қосымшаларымен бірге).
- Шетел азаматтарын қоспағанда, мемлекеттік тілді білу деңгейін (B1-ден кем емес) растайтын QAZAQ RESMI TEST (<https://www.qrt.kz>) немесе ҚАЗТЕСТ (<http://kazakhstan.kz>) сертификаты.
- докторантура бағдарламалары (DIR, DPA, DE, DDPA) мен «Халықаралық қатынастар – MIR», «Мемлекеттік саясат – MPP» магистратура бағдарламалары үшін халықаралық сертификаттардың бірі қажет:

МАГИСТРАТУРА		
• Халықаралық қатынастар – Master of International Relations	IELTS TOEFL IBT	кемінде 4,0 балл
• Мемлекеттік саясат – Master of Public Policy	TOEFL ITP TOEIC	кемінде 29 балл кемінде 343 балл кемінде 405 балл
	Duolingo English Test	кемінде 60 балл
ДОКТОРАНТУРА		
• Мемлекеттік басқару – DPA	IELTS	кемінде 5,5 балл
• DIR – Международные отношения	TOEFL IBT	кемінде 46 балл
• DE – Экономика	TOEFL ITP (LEVEL 1)	кемінде 417 балл
• DDPA – Цифровое государственное управление	TOEIC	кемінде 550 балл
	Duolingo English Test	кемінде 95 балл

- Мемлекеттік қызметшілер үшін – мемлекеттік қызмет персоналының бірыңғай автоматтандырылған дерекқорынан (ақпараттық жүйеден) алынған немесе жұмыс орнынан кадр қызметі растаған қызмет тізімі, басқа үміткерлер үшін еңбек қызметін растайтын құжат.
- Функционалдық жұмыс тәжірибесін талап ететін білім беру бағдарламаларына үміткерлер үшін қосымша жұмыс орнынан кадр қызметі растаған лауазымдық нұсқаулығы мен құрылымдық бөлімше туралы ереже.
- Докторантура бағдарламаларына үміткерлер үшін – зерттеу жұмысы жоспарының жобасы (research proposal).
- Электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦК) қол қойылған электрондық өтініш. Шетелдік азаматтар үшін өтініштің сканерленген нұсқасы.

#### КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ:

1 кезең – аналитикалық эссе жазу.Бұл белгілі бір мәселе бойынша жеке ой-пікірі (ұстанымы) мен талдауын білдіретін еркін жазбаша жұмыс және ол кәсіби қызмет саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталуы мүмкін.

2 кезең – сұхбат.Мақсаты – үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, нормативтік-құқықтық актілер мен заңнаманы білу деңгейін айқындау. Сұхбат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша жүргізіледі және процесс бейнежазбаға жазылады. Сұхбат үміткердің жеке кабинетінде көрсетілген кестеге сәйкес офлайн форматта жүргізіледі.

Докторантура бағдарламаларына түсетін үміткерлер үшін III кезең – зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау.Зерттеу жұмысы жоспарының жобасында зерттеудің өзектілігі, сыни талдау, болжамды әдістері және проблеманы/мәселені шешудің ықтимал жолдары баяндалады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200 адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Өзге қаржы көздері есебінен үміткерлер жинаған балдарына қарай қабылданады, бұл ретте конкурстық комиссияның қорытындылары мен сараптамалық бағалаулар қосымша ескеріледі.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

# ТАЗА ҚАЗАҚСТАН: “ӨЛІ РИЗА БОЛМАЙ, ТІРІ БАЙЫМАЙДЫ...”

**Арал.** «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында аудандағы тарихи-мәдени және киелі орындар мен бейіттер аумағында кең көлемді тазалық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, «Арыстан баб» кесенесі, «Беларан төбе шыңындағы Ә.Нұрпейісовтің мемориалды белгісі, «Жақайым ата», «Жетес би»



ата белгілері мен «Қазанғап ата» бейіті және Арал қаласы мен кент, ауылдық округтердегі қорымдар қамтылды. Аталған игі бастамаға мекеме қызметкерлері, қоғам белсенділері, жастар және жергілікті тұрғындар белсене қатысып, туған жердің тазалығы мен келбетін жақсартуға өз үлестерін қосты.

Шара барысында қасиетті орындардың аумағы қоқыстан тазартылып, айналасы ретке келтірілді. Бұл акция ұрпаққа рухани құндылықтарды дөрілтеудің, тарихи мұраларға құрметпен қараудың нақты көрінісі болды. Киелі жерлер — халықтың өткеннен сыр шертетін маңызды мұра. Оларды сақтау мен күтіп ұстау әрбір азаматтың ортақ міндеті екені тағы бір мәрте айқындалды.

**СЫРДАРИЯ.** «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауданда тарихи-мәдени ескерткіштер мен қорымдарға тазарту жұмыстары жүргізілді. Аудан әкімі Берік Сәрсенбаев ардагерлер, зиялы қауым өкілдері және аудан тұрғындарымен бірге Қалжан Ахун мешіт-медресесі мен «Ешмұрат» қорымы аумағын абаттандырып,



санитарлық тазарту жұмыстарына қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев “Таза Қазақстан дегеніміз – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Өрине, ол да маңызды. Сонымен бірге, бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан-дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады” деп атап көрсетті. Тарихи орындарды күтіп ұстау – тек тазалық мәселесі ғана емес. Бұл – ата-бабаларымызға деген құрметтің айқын көрінісі, ұлттық құндылықтарымызды дөрілтеудің маңызды бағыты. Осындай қасиетті орындарды таза әрі ұқыпты сақтау арқылы біз жас ұрпаққа өнеге көрсетеміз. Бүгінгі шара – елге, жерге деген жанашырлықтың нақты көрінісі. Алдағы уақытта да мұндай игі бастамалар жалғасын табатын болады, – деді аудан әкімі Берік Әбдіғаппарұлы.

Тазалық іс-шарасы барысында тарихи ескерткіштер мен қорымдар тазартылып, аумақтары ретке келтірілді, қоршаулар мен нысандар өктеліп, сырлау жұмыстары жүргізілді. Аталған игі шара аудан аумағындағы барлық елді мекенде жүргізілді.

Мұндай игі шаралар өскелең ұрпақтың туған жер тарихына деген құрметін арттырып, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге бағытталған. Тарихи-мәдени мұра нысандарын сақтау және оларды күтіп ұстау – барша қоғамның ортақ міндеті екені айқын.

Іс-шарада 50-ге жуық тарихи ескерткіштер мен қорымдар аумағы тазартылып, оған 3 мыңнан аса сырдариялық белсенді қатысты.

**ҚАРМАҚШЫ** ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – егіз ұғым» атты жалпыхалықтық тазалық акциясы ұйымдастырылды.

Тарихи-мәдени ескерткіштер мен киелі орындардың тазалығын сақтап, оларды келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізу мақсатында өткізілген игі шараға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, бөлім,



мекеме қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар, жастар және еріктілер белсенді қатысты.

Тазалық жұмыстары барысында аудан аумағындағы ескерткіштер, киелі орындар мен қорымдар маңында абаттандыру, қоқыстан тазарту, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ қоршаулар ретке келтіріліп, айналасы көркейту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Жалпы ауқымды акция барысында аймақтағы 200-ге жуық қасиетті орын қамтылды, оның ішінде ауданда 45-ке жуық нысанда тазалық жұмыстары жүргізіліп, 2000-нан аса тұрғын белсенділік танытты.

Президент атап өткендей: «Тазалық – тек қоршаған ортаның ғана емес, рухани мәдениеттің де көрінісі».

Өткенді құрметтеу – болашақты бағалау. Сондықтан ескерткіштерді қорғайық, тарихты сақтайық!

Қармақшы ауданында да «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Таза аула» атты кең ауқымды сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Тазалық шарасына аудан орталығы мен барлық ауылдық округ тұрғындары, бөлім, мекеме қызметкерлері, жастар мен еріктілер белсенді түрде қатысып, туған өлкенің тазалығына өз үлестерін қосты.

Сенбілік барысында барлық елді мекендердегі аулалар тазартылып, айналасы абаттандырылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Жалпы 147 аула тазартылып, көшелер, саябақтар мен қоғамдық орындар ретке келтірілді.

Сондай-ақ шара барысында ағаш көшеттері отырғызылып, оларды өктеп, сыртқы қоршаулары сырланды.

Қызылорда облысында дәстүрлі түрде «Үлгілі елді мекен» конкурсы ұйымдастырылып, ауылдарды абаттандыру жобаларына қолдау көрсетіліп келеді. Бұл байқауда 2024 жылы аудандағы Қармақшы ауылы жеңімпаз атанса, өткен жылы Қуандария ауылына 15 млн. теңге көлеміндегі сертификат табысталды.

**ЖАҢАҚОРҒАН.** Хорасан ата кесенесі аумағында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – бір ұғым» атты жалпыхалықтық акциясы өтті. Тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар мен көпшілік зират ететін барлық аумақтарға көркейту-көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар ағаш отырғызу, қоршауларды ретке келтіру, жолдарды тазалау және жөндеу секілді жұмыстар да жүргізілді.

Акция аясында 10-ға жуық қасиетті орындар мен зираттардың аумағын тазалау жұмыстарына 2 мыңнан аса тұрғындар белсенді қатысты.

Осы акция аясында аудандағы тарихи-мәдени және киелі орын



Сығанақ қалашығы мен Сунақата кесенесі аумағында да кең көлемді тазалық жұмыстары жүргізілді.

Аталған игі бастамаға аудан әкімінің міндетін атқарушы Бақтияр Ахметов, ел ағалары, мекеме қызметкерлері, қоғам белсенділері, жастар және жергілікті тұрғындар белсене қатысып, туған жердің тазалығы мен келбетін жақсартуға өз үлестерін қосты.

Шара барысында қасиетті орындардың аумағы қоқыстан тазартылып, айналасы ретке келтірілді.

**ЖАЛАҒАШ.** Акция барысында аудандағы тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар мен қорымдар аумағында санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекет қорғауына алынған киелі орын Беркінбай көлпе қорымы аумағында өткен тазалық шарасына аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, игі бастаманың маңыздылығына тоқталды.

– «Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Таза



Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында, сондай-ақ облыс әкімінің елді мекендерде санитарлық тазалық жұмыстарын жүйелі жүргізу жөніндегі тапсырмасына сәйкес, бүгін киелі орындар мен тарихи ескерткіштер аумағында кең көлемде тазалық, көркейту және көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді, киелі орындар мен қорымдарды таза ұстап, өскелең ұрпаққа үлгі болар осындай игі іске атсалысып жатқан баршаңызға алғысымды білдіремін», – деді А.Ибраимов.

Алдымен бабалар рухына Құран бағышталып, қорым аумағын тазарту, ағаштарды өктеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар аудан әкімі көпшілікпен бірге Беркінбай көлпе ұйтамы ауласына тал көшеттерін отырғызу рәсіміне қатысты.

Аудан бойынша мемлекеттік тізімге енгізілген 62 тарихи ескерткіш бар. Оның ішінде 1-еуі республикалық, 55-і жергілікті маңызы бар, ал 6 нысан ерекше маңызды тарихи орындар санатына жатады.

Бүгінгі акция аясында кент және ауыл тұрғындары осы тарихи орындар мен қорымдарда тазалық жұмыстарын белсенді жүргізуде.

Ауданда «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Таза аула» акциясы да ұйымдастырылды.

Тазалық шарасына мекеме қызметкерлері, көше тұрғындары, ерікті жастар белсенді қатысты. Акция барысында аулалар тазартылып, қоқыстар жиналды, айнала абаттандырылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар мектеп аулаларында тал егу акциясы өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, мектептердің жоғары сынып оқушылары және ұстаздармен бірге ағаш отырғызды. Сондай-ақ, аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес көктемді көркейту және көгалдандыру жұмыстарын сапалы ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтіп, «Таза Қазақстан» акциясы аясында атқарылып жатқан жұмыстарға барлық мекеме ұжымдарын белсенді атсалысуға шақырды.

**ШИЕЛІ.** Акция аясында аудан әкімі Айтбай Жандарбековтың бастамасымен аудан аумағындағы барлық тарихи-мәдени мұра нысандарында, киелі орындар мен қорымдарда кең көлемде тазалық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда «Оқшы ата» кесенесі, «Бес Арыс Тұяқты баба» кесенесі, «Шашты ата» және «Жаназар батыр» кесенесі, «Аргын ата» кесенесі, «Жансейіт баба» кесенесі, «Дәуіт ата» кесенесі, «Сауысқандық» шатқалы және өзге де тарихи орындар мен аудандағы барлық қорымдар аумағы тазартылып, абаттандырылды.

Тарихи терең, тағылымы мол ауданда мемлекеттік қорғауға алынған 42 тарихи мәдени ескерткіш бар. Оның ішінде 3 республикалық, 37 жергілікті маңызы бар ескерткіш, ал 2 нысан алдын ала есепке алынған тарихи мәдени мұра объектілері болып табылады.

Ауқымды тазалық шарасына 2 мыңға жуық тұрғын қатысып, ортақ іске белсене атсалысты. Акцияға халық қалаулылары, мемлекеттік



мекеме қызметкерлері, еріктілер, ардагерлер және жастар жұмыла кірісіп, туған жердің тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосты.

Тазалық шарасы Қарт Қаратау жотасының етегіндегі Сауысқандық шатқалында да ұйымдастырылды. Акция барысында Шиелі жастары табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау және қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында нақты жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, тарихи нысан аумағында сенбілік өткізіліп, айнала қоқыстан тазартылды.

Сауысқандық шатқалындағы жартастағы бейнелер - біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықтан сыр шертетін құнды тарихи мұра. Шараға қатысқан жастар туған жерге деген жанашырлықтарын танытып, тарихи-мәдени мұраларды қорғау және вандализмнің алдын алу бағытындағы азаматтық ұстанымдарын білдірді. Бұл - өскелең ұрпақтың ел болашағына бейжай қарамай, жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасып келе жатқандығының айқын көрінісі.

Мұндай игі бастамалар қоғамда тазалық пен тәртіп мәдениетін қалыптастырып, табиғатқа деген құрметті арттыра түседі.

**ҚАЗАЛЫ.** Акция аясында аудан орталығындағы Жанқожа баба кесенесінде арнайы шара өткізіліп, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тазалық акциясының маңызы жайында сөз қозғады.

– Еліміздің барлық өңірлерінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында, аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес киелі орындарға тазалық шараларын жүргізу мақсатында ерекше шаралар ұйымдастырылуда. Қазалылықтар да «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – егіз ұғым» атты жалпыхалықтық тазалық акциясына өз үлестерін қоспақ. Қазыналы Қазалы ауданы тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар көптеп орналасқан өңірлердің қатарына жатады. Бүгін барша жерлестеріміз жалпыхалықтық акция аясында аудан аумағында орналасқан киелі Жанкент қалашығы, Жанқожа батыр кесенесі, Жалаңтөс баһадүр алаңы, Әйтеке би ескерткіші, Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі «Тағзым» алаңы, Қызылқұм ауылдық округіндегі Сараман-Қоса мұнарасы және аудан аумағындағы өзге де киелі орындар мен зираттар аумағына тазалық жұмыстарын жүргізіп, игі іске атсалысуда. Жыл басынан бері «Таза Қазақстан» тазалық акциясы аясында аудан орталығы мен елді мекендерде 30-дан астам кең ауқымды сенбілік жұмыстары жүргізілді.

Тазалық жұмыстары барысында жол бойындағы бордюрлерді, бағаналарды, қоршауларды өктеу, сырлау, аяқ су арықтарын тазарту, көшелер бойын көгалдандыру, ағаш егу, ретсіз өскен шөптерді шабу жұмыстары жүргізілді. «Таза Қазақстан» акциясы аясында аудан орталығы Әйтеке би кентінде 100 қоқыс жәшігі сатып алынса, аудан орталығындағы көше атауы беріліп, арнайы орындарға шығарылды. Ал, тазалық шаралары аясында аудан бойынша биыл барлық елді мекендер бойынша 3000-ға жуық ағаш көшеттері егіліп, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Аудан халқын қоршаған ортаның тазалығына шақыру мақсатындағы бұл жұмыстар одан әрі жалғаса беретін болады, – деді аудан басшысы.



Жанқожа баба кесенесінде өткен шарада алдымен баба рухына арнап құран бағышталып, құрбандық шалынды. Мұнан кейін тазалық шаралары басталып, кесене аумағы толықтай тазартылып, ағаштардың түбі, бордюрлар өктелді. Кесене аумағы сыпырылып, қоқыстар жиналып, аяқ су арықтарына су жіберілді. Кесененің іші-сырты жуылып, тазалық жұмыстары кешенді түрде жүргізілді. Аудан әкімі мен ел ағалары, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен баба кесенесі аумағына ағаш көшеттері отырғызылды.

Ауданда тазалық акциясы мұнан бөлек Өркендеу ауылдық округіндегі көне Жанкент қалашығы аумағында, аудан орталығындағы Жалаңтөс баһадүр алаңында, Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштерде, Әйтеке би ескерткіші аумағында және аудан көлеміндегі басқа да киелі орындар мен зираттарда ұйымдастырылды.

Игі шараға зиялы қауым өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары, ел ағалары, ардагерлер, жастар мен аудан тұрғындары белсене қатысып, туған жердің тазалығына өз үлестерін қосты.